# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

№ 21 (506)
25 мамыр, 2023 жыл


*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**



## АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ МАМАН ТАПШЫ



**Өркениетті елдердің дамуының алғышарты – мәдениетінің, өнердің озық болуы. Өңірде мәдениет саласының өркендеуіне аудандар мен ауылдық мекендердің қосар үлесі мол. Осы орайда Жалағаш ауданындағы Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінің басшысы Ерболат Ғабденұлымен сұқбаттасқан едік.**

**Мәдениет және спорт министрлігінің бірігуіне қаншама адам қарсы болды. Құптағандар да бар. Сіздің көзқарасыңыз қандай? Не өзгерді?**

– Халықтың мәдени-рухани дамуы мен салауатты өмір салтын ұстануы үшін екі саланың маңызы өте жоғары. «Екеуі егіз ұғым» десек артық емес. Дегенмен де, мәдениет пен спорт өз алдына бөлек үлкен салалар. Сондықтан бір-бірінің көлеңкесінде қалып коймай, әрқайсысының функциясына сәйкес жұмыстары өз дәрежесінде жүруі қажет деп білемін.

**– Аудан мен ауылдарда мәдениет саласы дамымай қалды десек, қате. Қаншама таланттар бар. Дегенмен өнерге құштарлығы артып, енді ғана қадам басқан жас өскінге бағыт-бағдар беретін кәсіби мамандар айлығы шайлығына жетпейтін ауылдық жерге барғысы келмейді. Бұл бағытта қандай шаралар қолға алынуда? Үйірмелер жүргізуге, аспап үйретуге облыс орталығынан арнайы алынған мамандар бар ма?**

– Қазіргі таңда аудан мен ауылдық мәдениет ошақтарында таланттарды тәрбиелеуде қарқынды жұмыстар атқарылып жатыр. Оларға жетекшілік жасап, бағыт-бағдар беріп жатқан тәжірибелі мамандар да жоқ емес. Десек те, ауылдық жерлерде маман тапшылығы бары жасырын емес. Сонымен қатар салалық министрліктің нормативіне сәйкес бекітілген штаттық кестеде ауылдық деңгейдегі мәдениет ұйымдарында мәдени қызмет көрсетуді үш ғана маманмен шектеген. Бір ауылдың мәдениетін, руханиятын дамытуда үш ғана маманмен жұмысты өз деңгейінде жүргізу әрине оңай емес. Жерлесіміз, Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемұлы да мәдениет саласындағы осы түйткілді мәселені жақсы көтерді. Алда бұл мәселе өз шешімін табады деген ойдамыз.

Мемлекет басшысы Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық қуатын арттырумен қатар мәдени-рухани келбетімізге де аса мән беруіміз керектігін ерекше атап өткенін білеміз.Бұл халықтың рухани көңіл-күйін құлдыратып алмау жолындағы мемлекет ұстанып отырған оң саясат екені анық. Сонымен қатар, мәдениет саласы қызметкерлерінің де әлеуметтік жағдайы оң жолға қойылып, 2025 жылға дейін жалақы 2 есеге жоғарылайды деп күтілуде. Қазіргі таңда 70 пайызы жалақыға қосылып та үлгерді.

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай облыс әкімінің қолдауымен халықтық атағы бар «Алтын-Арай» халық ән-би ансамбліне тарту берілді. Бұл – сала қызметкерлеріне үлкен қолдау деп білемін.

**– Жалағаштық оқушыларға тегін не ақылы түрде қанша үйірме бар?**

– Жастарды дәстүрлі халықтық көркемөнерге тартуда үйірме жұмысы маңызды рөл атқарады. Осы үйірме жұмыстарында жастардың шығармашылық белсенділігі мен дербестігін дамытуға жағдай жасалып, олардың бейімділігі мен қабілеттерінің қалыптасуының негізіне айналды.

Мәдениет үйі бойынша ақысыз негізде барлығы 13 үйірме жұмыс жасайды, оларға жалпы саны 141 өнерпаз қатысады. Үйірмелерге бірнеше талантты тәрбиелеген өз ісінің мамандары жетекшілік етеді.

Мәдениет үйі жанындағы үйірмелердің барлығы ақысыз негізде жүргізіледі. Мәдениет үйінде талантты жастарды халықтық өнерге баулуда, көркемдік шеберліктің тәсілдеріне үйретуде «Бозторғай» ән үйірмесі, «Алтын-Арай» би үйірмесі, «Тұмар» ұлттық би үйірмесі, «Домбыра-дастан» домбыра үйірмесі, «Мұрагер» фольклорлық балалар ансамблі, «Ғибрат» жыр-терме үйірмесі, «Ерке» балалар хоры, «Алтын-Арай» вокалды аспапты ансамблі, «Яксарт» этно-рок ансамблі, «Жас толқын» көркемсөз үйірмесі, «Қорқыт сазы» қобыз үйірмесі, «Жігер» этно-фольклорлық тобы, «Балдәурен» балалар драма үйірмелерінің ықпалы зор. Мәдениет үйіндегі үйірме жұмысының нәтижелерін, аудан, облыс, республика көлемінде өткізіліп жатқан мәдени шаралар мен байқау-конкурстардан байқауға болады. Атап айтар болсақ, биыл балалар мен жастар шығармашылығына арналған «Жұлдызды жұп» ретро ән орындаушыларының облыстық байқауына «Бозторғай» ән үйірмесінің жас өнерпаздары қатысып, жүлделі орындарды иеленсе, Қызылорда қаласында өткізілген «Биле, биле» атты облыстық бишілер байқауына «Алтын-Арай» би ансамблі қатысып, бас жүлдені иеленді. Сонымен қатар, «Бозторғай XXYI» облыстық балалар шығармашылығы байқауында «Алтын-Арай» би ансамблі жүлделі І орынды иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алса, «Тұмар» ұлттық би тобы мен «Эверест» би тобына жүлделі ІІ орын бұйырды.

Өнерпаздар бұл жетістіктерімен тоқтап қалмақ емес. Алда болатын байқауларда да үздік нәтиже көрсететініне сенім мол.

Мәдениет үйі жанында халықтық атағы бар үш ұжым жұмыс істейді. Соның бірі халық театры Е.Төлейбайдың «Жеңгетай» қойылымын облыс орталығындағы Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында облыс тұрғындарының назарына ұсынды.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығын елімізде ғана емес, түркі елдерінде тойлау жоспарланған. Халық театры да қоғам қайраткерін ұлықтау мақсатында, Р.Отарбаевтың «Темір Нарком» тарихи драмасын сахналайтын болады. Қазіргі таңда ұжым дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар «Алтын-Арай» халық ән-би ансамблінің алғашқы қарлығаштарының бірі, ұжымда еңбек сіңірген жерлес ағамыз Жұмабек Аққұловтың 80 жылдық мерейтойына орай «Жыр-ғұмыр» атты облыстық жыршы-термешілер байқауын өткізу жоспарлануда.

Алдағы уақытта да мәдениет үйі жас өнерпаздарды, дәріптеу, аудан мәдениеті мен өнерін ілгерілетуде жаңашылдықпен жұмыс жасай береді.

**– Сұқбатыңызға рақмет!**

**Дина БӨКЕБАЙ**

## «ЖАС САРБАЗДЫҢ» ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРЫ

**«Ерлік – табиғат сыйы емес, саналы әскери тәрбиенің жемісі. Отан алдындағы қасиетті парызыңды орындау үшін адамзаттың ең асыл сезімімен жігерленіп, өзіңді саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр етудің нәтижесі» деген қанатты сөздің мән-мағынасы зор.**

Адам бойындағы жасымайтын жігер, өрлік пен ерлік тәрбиенің негізінде қалыптасады. Әсіресе, тәуекел теңізін кешуде жастардың жалтармай, ел үшін басын бәйгеге тігуде бұғып қалмауы әскери білім-біліктің нәтижесінен туындайды. Ел амандығы мен тыныштығы үшін тікесінен тік тұрып қалтқысыз қызмет ету азаматтардың басты парызы. Жастарға парыздың парқын жете түсіндіріп, елжандылыққа тәрбиелеуде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының үлесі зор.







– «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысы облыста 2019 жылы құрылды. Қазіргі таңда қозғалыс 11 мыңға жуық жасөспірімді қамтиды. Осы уақыт аралығында ауқымды шаралар өткізіп, жастарды жігерлендіруге күш салып келеміз. Бұл елге деген құрметті арттырып, Отанды сүюге тәрбиелеудегі тетік десек болады. Облыстық деңгейде «Смарт Сарбаз» робототехника сайысы, тұрақты түрде «Ерлік сабағы», «Kinotime» өткізіп тұрамыз. Төрт жылға жуық мерзімде атқарған ілкімді іс нәтижесінде қозғалыс өз мақсатына жетуде. Алдағы уақытта да жүйелі жұмысымызды жалғастыра бермекпіз, – деді «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының төрағасы Әкімжан Төлебай.

Бүгінде білім ошақтарында «жас сарбаз» үйірмесі бар. Оқушылар аталған ұйымда ұйымшылдық танытып, шараға белсенділікпен қатысады. Ұйым тек шара өткізумен шектелмейді. Содан ой қорытып, бойына азаматтық қасиетті сіңіруге де тырысады. Яғни, әр мектеп-колледжде әскери-қолданбалы спорт түрінен үйірмелер жұмыс істейді. Сайып келгенде мұның бәрі жастарды әскери қызметке даярлауға септігін тигізетіні сөзсіз. Ақиқатында, әскерге барудан ат тоңын ала қашатын жасөспірім жоқ емес. Оған ықтимал себеп бар екенін сіз бен біз білеміз. Осы ретте, «жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының басты мақсаты – бір жұдырық боп жұмылып, әскери борышты атқаруға бағыттау.

Иә, Сыр саңлақтарының антына адал болғаны абзал. Жігері құм боп жасымайтын еңселі ерлердің ерлік көрсетініне сенім мол. Сондықтан өресі биік өскелең ұрпақтың санасына әскери білімді сіңіру – бойдағы қобалжу мен қорқынышты сейілтетіні анық. Тиісінше көңілдегі күмән мен күдік те жойылары хақ. Ел мен жерді қорғауға, жұрт дегенде жүгініп қызмет етуге бағыт беретін үйірмелер қатары үзілмесін дейміз.

**Нәзік АХМЕТ**

## ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ: ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

**Мемлекет үшін жастардың маңызы зор. Сол үшін де билік басындағылар жастар саясатын жарасымды жүргізудің жолын әуелден қарастырған еді. Қайткенмен де, қолдау мен қуаттаудың жөні бір бөлек. Кеудеден итеріп яки жолдан ығыстырғанша, қоғам ішінде белсенділігін арттырудың көзін тапқан ақылға қонымды. Әрбір жасты дамудың дүбірлі қосынына ілестіру – мемлекеттің негізгі міндетінің бірі. Асылында, жастар да жанына жалау болған жанашырлық пен көрсетілген қамқорлықтан соң ұлты үшін ұлы істерге баратыны ақиқат. Өңірімізде жас буынның жағдайын реттеп, толық қамтамасыз етуде атқарылған жұмыстар жетерлік. Жан-жақты қолдау көрсетіп, кәсіптің көзін тапқандарға қайтарымсыз грант беріп, жеңілдетілген несиеден де несібесін тапқандар бар.**

Бүгінде облыс көлемінде жастармен жұмысты «Жастар ресурстық орталығы» үйлестіруде. Жұмыссыздықты жойып, тірлік пен табыс арнасын тоғыстыруда тоқталмақ емес.

Биыл жастардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау үшін 2,5% пайызбен жеңілдетілген несие беру басталып, несиелендіруді жүзеге асыру үшін облысымызда 257 адамға 1,3 млрд теңге бөлінді. Бұған дейін 11 жастың өтінімі қолдау тауып, кәсібін жалғастырса, тағы 36 жастың жобасы қаралды. Сондай-ақ, облыс бойынша 21 рет бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өткізілді, онда 303 адам жұмысқа жолданды, оның 89 пайызы жастардың үлесінде. Жергілікті 70-ке жуық жұмыс беруші мекемеден 1023 бос вакансия, 19-21 аралығында Солтүстік өңірлердің жұмыс берушілерінің қатысуымен облыс орталығында және аудандарда оңтүстіктен солтүстік өңірлерге ынталандыру және жұмыссыздарды тұрақты жұмыспен қамту бос жұмыс орындарының жәрмеңкесіне 3 мыңға жуық бос жұмыс орны ұсынылды, – деді облыстық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Талғат Тілес.

Сырдария ауданында да еңбек жасағының жұмысы жанданып келеді. Сондықтан болар, әлдекім еңбекке келгенде есептесіп жатқан жоқ. Керісінше, екі қолға бір күрек тапқанына қуанышты.

Сырдария ауданында аудандық «Жастар ресурстық орталығының» бастамасымен 2019 жылы – жастар жылы аясында жастардың еңбек бригадалары құрылып, өз жұмысын бастады. Аудан әкімінің қолдауымен ауданға қарасты 1 кент пен 13 ауылдық округ болса, оның 7 ауылдық округінен жастар бригадалары қайта құрылды. Бригада қатарында жұмыссыз, NEET санатындағы және пробация есебінде тұратын жастар жұмыс жасауда. Осы уақытта егін науқаны басталуда. Осыған байланысты жастар бригадаларына 150-ге тарта жасты тарту көзделген. Мұнан соң Шіркейлі ауылдық округінде құрылыс материалдарын шығаратын «Шіркейлі» жастар бригадалары жұмыс істейді. Құрамында ауылдың жұмыссыз 30 жасы бар. Олар цемент, әк және т.б құрылысқа қажетті заттарды шығарады, – деді Сырдария аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Нұрман Абдрасилов.



**Замира ДАСТАНҚЫЗЫ**

## ДАРИЯ ДЕМІ ІШІНДЕ

**Сырдың суы сирақтан... Сырдың суы тобықтан... Сырдың суы... Танымал тәмсілдің бұрынғыдан біршама өзгергеніне қарап, сирақтан да, тобықтан да түскен су деңгейінің халін ұғынамыз. Дарияның жағасын жайлаған жұрт еккен егінінің нәтижесі мен мал басының амандығы үшін жаз сайын төмендеп кететін су деңгейіне алаңдайды. Себебі өткен жылдардың тәжірибесіне сүйенсе, құрғақшылық жайлап, бақша сусыз, мал жем-шөпсіз қаларын біледі.**



Биыл да былтырғы судың жағдайы қайталана ма? Сырдың суы неге азайып кетті? Экологиялық жағынан қандай қорқынышты тұстары бар? Осы сұрақтардың жауабын іздеп көрелік.

Жалпы ұзындығы 2212 шақырым Сырдария трансшекаралық өзені Орталық Азияның төрт мемлекеті – Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстан арқылы өтеді. Алайда өзеннің негізгі бөлігі, дәлірек айтқанда, 1627 шақырымы Қазақстан аумағында орналасқан.

Соңғы үш жылда қызылордалықтар Сырдарияның саязданып бара жатқанына алаңдаулы. Жалпы 2020 жылдан бері Арал-Сырдария бассейнінде су деңгейі азаюда. Ал Нарын-Сырдария тізбесінде жиналған судың жалпы көлемі 50 пайыздан аспайды. Облыс өзен суына тәуелді, себебі аймақтың символына айналған басты өнім – күріш егістігі 80 мың гектардан астам аумақты алып, жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

4 бетте

# Мемлекеттік бағдарламаның барлығы аймақтағы жастарға жете бермейді

**– Халық қалаулысы ретінде айтыңызшы, бүгінде жастардың қандай өзекті мәселесі бар?**

– Жастардың бірінші мәселесі – әрине жұмыссыздық. Қалалық жерлерде, құрылыс, тағы басқа өндірісі бар аумақтарда жұмыс болуы мүмкін. Бірақ аудан, ауылдық округтерде бұл жағы ақсап жатыр. Себебі, адамдардың жұмыспен





қамтылу көрсеткіші әлде де болса көңіл көншітпейді. Мысалы, бір ауылда мектеп, балабақша, әкімдік, клуб ғана бар. Әрі кетсе бір кәсіпкердің шаруа қожалығы. Ал бір буыннан бір жылда қаншама университет бітіріп келетін маман бар. Оның барлығына бірдей жұмыс тауып беру мүмкін бе? Жалпы ауылдық жерлерде жастарды жұмыспен қамту мәселесі тасбақаның жүрісіндей баяу. «Мемлекеттік грант» дегеннің өзінде оған барлығының бірдей қолы жете бермейді. Сонымен қатар «аға-көкенің» арқасы, басшылар тарапындағы бюрократия басым секілді көрінеді.

Биыл 2,5 пайызбен кредит беру жүйесі басталды. Өте орынды, дер шағында жасалып отырған бағдарлама. Әйтсе де оның, жалпы кез келген кредит беру мәселесін, шаш-етектен жүретін қағаздарын азайту керек деп ойлаймын. Мемлекет ұсынатын бағдарламалар жеткілікті. Бірақ оның барлығы ауыл-аймақтардағы жастарға жете бермейді.

Қазір көптеген салада оңтайландыру жүріп жатыр. Мысалы, көпшілік біледі «kaspi.bank»-тен несие алу оңай. Міне, сол сияқты кепілдемесі, басқа нақты-нақты қағаздары болса, мемлекет беретін жеңілдіктерді де оңтайландыру қажет.

Екінші мәселе – тұрғын үй. Қазақ «үйің болмай, күйің болмас» дегенді бекер айтпаса керек. Жастар, жас отбасылар арасында тұрғын үй мәселесі де өте өзекті. Бір жас отбасында екеуі бірдей жұмыс істемейтін отбасы бар. Әрине, жастықтың буымен, үйленіп қалады. Десе де тұрмыстық түйткілдер шыққанда морт сынатын отбасы көп. Бүгінгі қоғамда ажырасу да белең алып барады.

Мемлекет белгілі бір деңгейде, «Жас маман», тағы басқа жоба арқылы көмек береді. Бірақ жас отбасыларға, олардың аяқтан тұрып кетуіне қатты көңіл бөлсе, жоғарыдағыдай жағдайлар аз болар ма еді. Меніңше, түрлі мемлекеттік ұйымдар, жергілікті атқарушы билік басындағы азаматтар да жас отбасылар бойынша жұмыспен қамтуға арнайы зерттеу, мониторинг жүргізіп отыру керек сияқты. Сол бойынша реттілігіне сәйкес жастар, жас отбасылар жұмыспен қамтылса...

Әрине мұнан бөлек те ұсыныс-пікірлер, ой баршылық, бірақ алдымен осы екі мәселеге баса назар аударуымыз керек.

**– NEET санатындағы жастармен жұмысты қалай жүйелеуге болады?**

– Соңғы жылдары NEET дегенді көп айтатын болдық. Олардың бойындағы күш-қуатты мақсатты пайдалану керек.

«NEET» – еш жерде жұмыста жоқ, қоғам көңіл бөлмейтін, көшеде бұзақылық жасайтын өз замандастарымыз. Оны шешудің бір жолы – жастар ұйымдары, жергілікті атқарушы билік, елдің ақсақалдары кез келген деңгейдегі топтың, аумақтың жігіттерімен ашық, еркін, кез келген мәселесін тыңдай алатындай болу керек.

Жалпы NEET-тен бөлек, жастар саясатына, жастармен айналысатын мамандарға, оның бюджетіне шекеден қарау бар. Сондай-ақ, жастар мамандарының тым жас, болмаса «Жас болуы керек» деген түсінік те дұрыс емес шығар?! Биыл жастардың жасы 14-тен 35-ке ұзарды. Ал аудандардағы «Жастар ресурстық орталықтарындағы» қызметкерлердің орта жасы 23-24 жас. Мейлі, 25-ақ болсын. Сол 25 жастағы маман 35-тегі азаматқа нендей ақыл айтуы мүмкін? Ал тентек жастармен қалай сөйлесуін білмеуі, олардың алдына бара алмауы да мүмкін. Жалпы осындай парадокс жетерлік...

Мұнан кейін бір көшені асфальттауға бөлінген қаржы, бір ауданның жастарының дамуына бөлінбейді.

Бұзық пен тентек, жалқау мен масыл қай қоғамда да, қай заманда да бар. Болған, әрі бола береді де. Оны жоятын қоғам. Тәртіп. Мысалы, әлемде Сингапур деген ел бар. Бүгінде «Азия барысы», «Күншығыстың таңғажайыбы» деген атқа ие. 1959 жылы Ли Куан Ю деген нәті қытай негізін қалады. Айналдырған 30 жылда әлемнің алпауыт ел етті. Ал бүгінде сол Сингапурда көшеде шемішке, сағыз тастауға да болмайды. Қылмыс жасау көрсеткіші ең төмен мемлекет. Олар оған қалай жетті? Әрине бірінші кезекте – тәртіп.

Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды» дегенінде үлкен даналық жатыр. Бізде бір көңілжықпастық, немқұрайлық басым. Алдымен тәртіп пен жауапкершілік болған жерде – қылмыс пен құқықбұзушылық, тәртіпсіздік пен теріс жолға түсуде аз болады деп ойлаймын.

**– Мектеп бітірушілердің үлкен өмірге қадам басуына аз уақыт қалды. Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалына қаншалықты сенесіз?**

– Өте жақсы һәм күрделі сұрақ. Әрине көп жағдайда ата-ана – прагматик, жас арманшыл бала – романтик болып жатады. Десе де кейбір ата-ананың бойында «Өзім білем» деген амбиция мен «Мен жете алмап едім, сен менің арманымды орында!» деген эго болып та жатады. Осы бір дүние суретші болатын баланы механиктің немесе математикадан мұғалім болатын баланы заңгерлікке, болмаса кеңсенің жұмысына әкеп қоюы мүмкін. Әрине қай ата-ана баласына жамандық ойлайды? Бірақ үлкендер жағы баланың бойындағы қай кәсіпке деген ептілігін, сан түрлі құбылмалы кәсіптік нарықты әбден зерттеп барып, келешек оған жұмыс табыла ма, табылмай ма сол жағын әбден айшықтап барып, тағдырына араласу керек. Себебі, қос-қос диплом құшақтап жұмыс таба алмай жүрген, қызыл дипломы мен ғылыми атағын ештеңеге жарата алмай жатқандар көп. Бұл отбасындағы әке мен баланың – жан-жақты талдап, 5-6 жылдығын ойша саралап, содан кейін барып, келісімге келетін шаруасы деп білемін.

Бастысы – қай салаға барса да кәсіби кадр болуға талпыну қажет. Әйтпесе, қалғаны бекершілік.

**– Журналистикадағы еңбек жолында не нәрсеге анық көзіңіз жетті? Жалпы осы саланың ертеңінен не күтесіз?**

– Қоғамның оянып келе жатқанына көзім жетіп келеді. Ұлтымыздың азаматтық позициясы, жан-жақтылығы, көпшілік халықтың сауаттылығы, «Өзінікін оңайлықпен ауыздан жырып бермеуі» белең алып келе жатқан сыңайлы, жастар арасында да заманына сай «Бірдеңе бастасам», «Кәсіп дөңгелетсем» деген талапкерлік басым. Мемлекет ретінде үлкен өзгерістерге, алға басушылыққа, дамуға баратын сияқтымыз. Себебі, пікір ашықтығы айқын. Бұған өте қуанамын.

Ал дәстүрлі медианың өкілі ретінде аңғарғаным, патриотизм, ұлттық құндылықтарға, тарих, тіл, діл, дәстүрлі дінге деген құрмет аз секілді көрінеді. Бұл мегаполистік шаһарларда қарқынды. Көп жағдайда барлық тіршіліктің түйінін табыс табуға ғана тіреп қоятындаймыз. Ал бұл саланың ертеңіне келетін болсақ, сөз өнері, жазу, ақпарат жеткізу аяқталмайынша, дамуын тежемейді деп білемін. Журналистиканың келешегіне өте оптимистік көзқарастамын.

Журналистиканың еркіндігі секілді еркіндік, ондағыдай көп векторлы жұмыс ешбір салада жоқ. Ол енді осы саладағы әрбір маманның өзіне байланысты.

**– Әлеуметтік желіде белсенді қолданушысыз. Берері бар ма?**

– Әрине көп. Бірақ әр ақпаратпен жүйкені жұқарта бермеуге кеңес берер едім. Әйтсе де жабайы аралда жалғыз қалып қойған Робинзо Крузо құсамай, айналадағы тыныс-тіршіліктен, бүгінгі қоғамның трендтерінен, жақсы жаңалықтар да, түрлі бағдарламалардан хабардар отыру керек деп ойлаймын.



**– Журналист Нұртөре Жүсіп: «Мінезсіз адам майонез секілді. Кез келген салатқа қорықпай қоса беруге болады» дейді. Мінезіңіз қандай?**

– Жақсы айтып өттіңіз. Мен бірақ жыл өткен сайын, қоғамдық шаруалар, әлемдік геосаяси оқиғалар түрлі формада өрбіген сайын осыдан 100 жыл бұрын айтқан Әлихан Бөкейханның «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес – мінезден» дегеніне әбден қанық болып келе жатырмын.




Бұл білімді азаматтарға дақ түсіру емес. Елдік, қоғамдық, халықтық мүддеге келгенде мінездің қатты қажеттілігін аңғаратындаймыз.

Бір ғана мысал, жыл сайын Оксфорд пен Кембридждеn бастап әлемнің түрлі мен деген салаларында мыңдаған жастар оқиды. 1997 жылдан бастап халықаралық «Болашақ» бағдарламасы іске қосылды. Қайбір жылы алғашқы түлектерінің өзі 20 жылдықтарын атап өтті. Ал сол мыңдаған жастың қайырымы, елге бергені қайда? Алды 40-тан асты? Олар жаһандану дәуіріндегі біз сияқты қарапайым жастарға қарағанда технологияның қарыштап дамуын сезінген, алғаш қолданған азаматтар емес пе? Ұланғайыр далаға әкелген жаңалық қайда? Мемлекеттің жасаған бағдарламасының қайырымы неге көрінбейді? Ал қазір түкпірдегі бір ауылға бір боксшы, немесе палуан барып, үйірме ашсыншы. 2-ақ жылда кемі 5 баласы аудандық, 2 баласы облыстық жарыстан жүлде алуы мүмкін. Бапкер өзінің бойындағы қарым-қабілет пен тәжірибені ештеңеден хабарсыз балаға жұқтыра алады. Білім мен ғылым игерген жандарда да сондай жанкештілік қажет-ақ. Міне, осы жағдайларға келгенде кез келген азаматқа, мамандық иесіне мінез керек деп ойлаймын.

**– Жастардың медиасауаттылығын қалай дамыта аламыз?**

– Ең бірінші – қажеттілік. Екінші – құлық. Қазекең бір ауыз сөзбен «Түйеге жантақ керек болса – мойнын созады» деп кетпеп пе еді?! Менің ойымша, «медиасауат» – көлік басқарудан, мыңдаған көліктердің ортасында дұрыс игеруден қиын емес сияқты.

**– Жұмыс пен үй арасындағы бейнеңізде өзгешелік бола ма?**

– Әрине, ол заңдылық та шығар. Үй киімімен жұмысқа бармаймыз. Сол сияқты жұмыс киімін үйге барғанда ауыстырамыз. Отбасылық дүниеге қызметті, қызметке отбасының тіршілігін араластыруға келіспеймін.

**– Өзіңізге айрықша әсер еткен 3 кітапты атап өтіңізші.**

– Кітаппен бала күнімнен доспын. Жан досым! Шекспирдің «Кітап маған тақтанда қымбат» дегенімен, Бернард Шоудың «Кітап бос уақытта оқылатын нәрсе емес, оған арнайы уақыт бөлемін» дегені ерекше әсер етеді.

Менде де сол секілді қолым бос уақытта, немесе көз іліндіру үшін оқу деген ұғым жоқ.

Осы уақытқа дейін оқыған кітаптарым баршылық. Әдеби, ғылыми, тарихи, өз-өзіңді жетілдіретін туындылар көбісі.

25 жасыма дейін көркем әдебиет оқысам, одан кейін түрлі танымдық кітаптарға, мемуарларға әуестеніп келемін. Сондықтан «мынау-мынау» деп айту қиын секілді.

Кейінгі жылдары ерекше ұнағандары – Мұхтар Шаханов пен Шыңғыс Айтматовтың «Құз басындағы аңшының зары», Ювал Хараридің «Адамзаттың қысқаша тарихы», Ли Куан Юдің «Төртінші әлемнен біріншіге», Әмірхан Балқыбектің «Қасқыр құдай болған кез» кітабы.

Оқу бітірген кезімнен өлең жазып бастап едім. Былай тәп-тәуір амбиция бар еді. Сырдың бүгінгі сүлейлерінің бірегейі – Шаһизада Әбдікәрімов ағамыздың «Гладиатор» кітабын оқығаннан кейін өлең жазбайтын болып кеттім. Соған қарағанда «Өлеңді жазсаң, биік етіп, ерекшелеп, өзіндік қолтаңбаңмен жаз, жазбасаң, жақсы оқырман болып жүр» деген тұжырым жасаған сияқтымын.

Сонымен қатар Мұхтар Мағауиннің, Шерхан мен Бердібектің, Қабдештің шығармашылығы өте қатты ұнайды. Ал әлемдік классика бойынша жапон жазушыларының шығармаларын ерекше атап өткім келеді.

**Әңгімелескен**
**Мөлдір САБЫРЖАН**

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІНЕ ЖЕҢІЛ ҚАРАМАУ КЕРЕК



**Таяуда ғана Қызылорда қаласындағы массаж орталықтарының бірінде балақайды парафинмен күйдіріп алу оқиғасы тіркелген еді. Бүгінде жағдай жан-жақты зерделенуде. Ал мамандардың айтуынша, баланың денсаулығы қалыпты.**

– «Шипалы алақан» массаж орталығына 8 мамыр күні баламды апардым. Әлия есімді массажист баламды парафинге күйдіріп, қазір ауруханада жатырмыз. Баламның жағдайы ауыр, 3-дәрежелі күйік шалды. Қазір «асқыну процесі» болып, баламның температурасы күнде көтеріліп, салмағы түсіп жатыр, – деп жазды Facebook әлеуметтік желісінде баланың анасы Ақмарал Бөлебаева.

Біз баланың анасымен телефон арқылы тілдеспек болдық. Әйтсе де, осындай ауыр жағдайдан соң ол сөйлесе алмайтынын айтты. Ал Әлия есімді маман да желіде уәжін айтты.

– Бүгін желіге шыққан мен – Әлия, «Шипалы алақанның» негізін қалаушысымын. Бұл жағдайдың болғаны рас. Бірақ, ол күні мен массажын жасап бердім. Парафинді көмекшім қойған болатын. Абайсызда болған жағдай. Ешкім әдейілеп жасамады. Анасы ол уақытта қасында тұрды. Мұндай жағдай бұрын-соңды болмаған. Кешіріммен қарауларыңызды өтінемін. Көмекші қыз жұмыстан шығарылды. Кешірім сұрадық. Баланың еміне деп 200 мың теңге ақша аудардық, – дейді орталық өкілі.

Баланың денсаулығын білу мақсатында облыстық денсаулық сақтау басқармасына хабарластық.

– 8 мамыр күні 1 жасар науқас бала жедел жәрдеммен көпбейінді облыстық балалар ауруханасына түсіп, нейрохирургия және травмотология-ортопедия бөліміне жатқызылған болатын. Қазіргі таңда жүргізілген емнен кейін жағдайы тұрақты динамикада жақсаруда. Бала бөлімшеде емін жалғастыруда, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мая Мирзанова.

Бесіктен белі шықпай жатып, күйік жарақатын алып шырылдаған баланы осындай күйге түсірген орталық жөнінде сұрап,

– Қазір маған өңірдегі БАҚ құралдары осы мәселеге байланысты хабарласып жатыр. Біз заң шеңберінде жұмыс істейміз. Баланың жағдайын білгіңіз келсе, облыстық денсаулық сақтау басқармасына хабарлассаңыз болады. Біз баланың жағдайын біліп отырмыз. Бірақ баланы күйік шалған орталықты дәл қазір тексере алмаймыз. Өйткені, оның ата-анасынан ешқандай шағым түскен жоқ. Ал егер түсіп жатса, заң аясында тексереміз, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ғалия Бәйменова.

Дей тұрғанмен, орталық тексеріссіз қалған жоқ. Құзырлы орган өкілдері де өз қызметтерін орындау үстінде. Қызылорда қалалық полиция басқармасы аталған оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалғанын хабарлады. «Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 306-бабы 2-бөлігінің 1-тармағымен (қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жұмыстарды орындау не қызметтер көрсету дерегі бойынша) қылмыстық іс тіркеліп, тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр. Қылмыстық-процестік кодексінің 201-бабының талаптарына сәйкес тергеу деректерін жария етуге жол берілмейді» делінген хабарламада.

**P.S. Деннің саулығын қамтамасыз етіп, ауырмаудың жолын іздеу керегін айтқан қазекем қай істі де өзінің маманы орындағаны ләзім екенін айтқан ғой. Ал денсаулық сақтау саласындағылар бұл ретте жауапкершілік жүгінің ауыр екенін айтады. Қандай ем-дом қабылдар болса да мемлекеттік лицензиясы бар орталықтарға бару керегін ескертуде. Ендеше, арғы түйін өзіңізден, қадірлі оқырман!**

**Аян СПАНДИЯР**

# РОБОТ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛДЫРА МА?

**Мамырда Дүниежүзілік болашаққа арналған техника күні аталып өтеді. Алайда біздің өміріміздің кейбір салаларында бұл болашақ қазірдің өзінде жүзеге асып жатыр. Бұған дейін құқық саласындағы әлемге әйгілі IT кеңесші Ричард Сасскинд «Мамандықтар болашағы» атты кітабында «Жаңа мамандықтар пайда болуы мүмкін» деп дабыл қаққан еді.**

Ричард Сасскинд бұл еңбегінде, біріншіден, жаңа технологиялар дәстүрлі жұмыс түрін жеңілдетуі мүмкін деген пікір білдірген. Екіншіден, технология кез келген саладағы проблеманы шешудің тиімді тәсіліне айналатындықтан,

қызметкердің жұмысынан айырылу қаупі барын көрсеткен. Бұған қоса профессор біздің ойымызға кіріп те шықпаған робоэтика бойынша адвокат, қоршаған ортаны қалпына келтіру менеджері, криптовалюта банкирі, IT-генетик, интеллектуалды жекеменшікті бағалау, медициналық робототехник, виртуалды өмір архитекторы секілді мамандықтардың қарқын алатынын алға тартқан. Mitsubishi зерттеу институтының пайымдауынша, 2030 жылы Күншығыс елінде Роботтардың жұмыс істеуіне байланысты 2,4 миллион адам қызметінен қысқартылмақ.

Мәселен, әйгілі Deutsche Bank басшысы Джон Крян банк қызметкерлерінің 50 процентін осы жүйенің көмегімен жұмыстан босатқан. Қазір бұл банкте 97 мың адам жұмыс істейді. Банк басшысы сатумен айналысатын жұмысшылар мен офис-менеджерлерінің саны шамадан тыс көп деп есептейді. Ол наурыз айындағы мәлімдемесінде банктің бірнеше бөлімін түгел жауап тастау керек деген. Greenwich Associates агенттігінің болжамы бойынша, 2018 жылдан бастап қаржы компанияларының 75 пайызы жасанды интеллектің күшіне жүгіне бастаған. Бұдан бөлек, мәдениет саласында экскурсияшы-роботтар пайда болған. Қиыр Шығыстағы алғашқы музей андроиды сурет галереясында орналасқан. Робот адамның сөзі мен бет-әлпетін тани алады, музей аралайды, қонақтарға навигация бойынша көмектеседі, тарих туралы әңгімелейді, келушілерді суретке түсіріп, эмоционалды байланыс орната отырып, адамдарды есте сақтай алатын қабілеті бар. Иннополистегі көшелердің біріндегі «Яндекс.Ровер» пилотсыз басқарылатын курьер-робот та көпті таңғалдырады.

Жаңалықтарды жазу үшін журналист-роботтар да қызметке кіріскелі қашан?! Мұндай қызметке алғашқылардың бірі болып Сан-Францискодағы «Hoodline Online Media» интернет-газеті жүгінген. Мысалы, белгілі бір брендтің жаңа наубайханасы ашылса немесе қалалық автобус бағдарынан кешіксе, робот-журналист ақпаратты дәл береді. Дәстүрлі басылымдардың өкілдері робот интеллект иесі журналистерді алмастыра алмайтынын алға тартуда. Бірақ жасанды интеллект 2016 жылы жарты миллиардқа жуық нотаны американдық БАҚ-да жазды және жариялады. Жалпы, жаһандану цифрландыру үрдісін дендеп енгізуде, деректер базасы кеңейіп келеді. Ақпараттар онлайн режимінде сақталуда. Олай болса журналист-роботтар үшін әлеуметтік желілер мен ақпараттық ресурстардағы ақпараттарды қорытып, белгілі бір алгоритмдерді жазуға мүмкіндік туууда. Мұндай мүмкіндікті Ресейдің «Интерфакс» пен «Sports.ru»-да қолданысқа енгізген. Ал, Қытайдың ірі бұқаралық ақпарат құралы – «Синьхуа» қызметке робот алынғанын хабарлады.



Біздің елімізде де жасанды интеллектке жүгіне бастағандар бар. Бірер жыл бұрын «Atameken Business» телеарнасында i-Sanj атты виртуал жүргізуші эфирге шықты. 24 сағат бойы үздіксіз жұмыс істеуге қабілетті жүргізушіге еңбек демалысы, еңбекақы, грим де қажет емес. i-Sanj деп аталатын голограмманың прототипі – актер Санжар Мәди.

Бұдан бөлек, әлеуметтік желіде ел жастарының ұйымдасуымен жарыққа шыққан «Бакош» есімді робот та танымал болуда. Елорда халқы аталған роботты қазан айының басында аңғарған. Астана көшелерін аралап, тұрғындармен әңгіме айтуға дағдыланыпты. Түрлі тақырыпта сөз бастап, қойылған сұраққа орынды жауап беруге үйренген. Роботтың сөзінше, ол жақында TikTok-парақша ашып, 400 мыңнан аса оқырман жинаған. Бейнежазбалар қаралым жағынан көш басында келеді.

Әскери салада да роботтар жүр, ол Қазақстанның Қарулы Күштерінде кеңінен қолданылады. 2015 жылдан бастап ҚР Қарулы Күштерін жарақтандыруға жөрусті, теңіз және әуе мақсатындағы робототехникалық құралдар келіп түсуде. Әлемдік трендтерді зерделеу және жаңа технологияларды ілгерілету үшін 2019 жылы Бас штабта робототехникалық жүйелерді дамыту және оларды қолдану басқармасы құрылған. Басқарма мамандары жаңа технологияларды енгізу және қолдану бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Олар оқу орындарымен және қорғаныс-өнеркәсіптік кешенімен өзара тығыз іс-қимыл жасайды, ғылыми кәсіпорындармен бірлесіп роботтардың тәжірибелік үлгілерін әзірлеуге қатысады.

Ал ең қызығы, жақында желіде миллиардер Илон Масктың компаниясы жасаған робот әйелі 2023 жылдың қыркүйегінде шығады деген ақпарат пайда болды. «Robot Wife» үй шаруасымен айналысады, батареямен жұмыс істейді, содан кейін үш күн қуатталатын көрінеді. Болжамды құны шамамен – $ 3144. Міне ғажап! Елестетіп көріңізші, болашақта роботтар мен адамдар қатар жүреді. Бұл – ғылыми жаңалық. Десе де, үлкен қауіптің басы сияқты. Себебі, жасанды интеллекті бар робот бәрібір адам емес. Жасандының тоғы бір күні сөнеді де қалады...

**А.СНАДИН**

# Киіктен консерві: Идея сынға қалды



**«Табиғат – тал бесігіміз» деп тамсанып жүргенде, аялаудың орнына аяушылықпен қарап жүрген жайымыз бар. Табиғаттың тамырына балта шапқаннан кейін, ойға батудың қажеті бар ма өзі?! Жасыл-желектің аздығын айтып, жазда жағалайтын көлеңке таппайтынымызды былай қойғанда, сайын далада жүрген жан-жануарларды жүгенсіздікпен жою дұрыс емес. Жайылымдық жерді жайратып кетті деп киіктің көзін құрту құптайтын іс емес. Егіс алқабын кезгендігін меңзеп, оқпен ойсырату орынсыз. Сонда киіктің киесі қайда қалды? Әлде шаруаға кедергінің бәрін таптап өту қалыпты болғаны ма?**

Бұрыннан ел арасында «киікті атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды» деген сөз жиі айтылған. Бірақ, бүгінгінің ісіне қарап тыйымға тыйылып жүрген адам бірен-саран ғана деген ойға келесің. Мейлі шаруашылықтың ілгері жылжуына ақбөкендер бөгет болды дейік. Дей тұрғанмен, обал мен сауапты арқалайтын кім бар? Елестетіп көріңізші. Жазық даладағы жазықсыз жануарды қаруын асынып асыға жеткендер шекеден шертіп атқандағы көрініс қандай ауыр. Жанайқайын жан дауысымен шығармаса да, киіктер мұңы көзінен байқалады. Тіпті киелі киікті пайданың икеміне келтіріп жатқандар аз емес. Аң аулаудың айла-амалын меңгергендер киікті атып түсіріп, мүйізін қақшып алуға да қымсынбайтын көрінеді. Өйткені құнды дүние қымбатқа түсіп, көл-көсір байлыққа кенелтетін көрінеді. «Дәніккеннен құныққан жаман» демекші, ақшаға құнығудың соңы киіктің мүйізімен қоса тұяғын таласа алып, жарамсызын лақтырып кете барады. Қысқасы, табиғатқа тат түсірмейтіндей жанашырлықтың жоқтығы қынжылтады. Әйтпесе, сайын даладағы жануарлар табиғаттың сәнін келтіріп, тіршіліктің барынан хабар беретін жаратылыс бөлігі ғой.

Толғантқан түйткіл бүгін ғана емес, бұрыннан қозғалып-ақ жатыр. Жануарды жөнсіз аулағанға айыппұл салу туралы да талай талқыланған болатын. Бірақ, қылмысын жасырып, ізін суытып үлгеретін айласын артылмайтынды қолға түсіру қиын. Тіпті құқық қорғаушылармен біріге ауыз жаласып, қылмыстың қарқынын үдетіп, мүйізді майшелпекке айналдырғандар да табылған. Әйтеуір, киіктің көбейгеніне шаруалар шағым айтады. Келесі тарап аулау мен атудың амалынсыз қордаланған мәселенің жүйелі жолын іздеп әлек. Сондықтан болар, әзірге атып-атпау туралы нақты шешім шыққан жоқ. Дегенмен, аталған жануарды асырап, етін консервілеу туралы жаңалық желдей ескен болатын.

Өткен жылы эколог Сәкен Ділдахмет киік санын реттеу жоспарын қолдайтынын айтқан. Маманның ойынша, киік атуға мораторийді 2025 жылға дейін созған жөн. Киік саны 2-3 миллионнан асқанда реттеу жайын қозғай беруге болады-мыс.

– Экология министрлігі киік атудың себебін шаруалардың шағымымен байланыстырды. Бірақ бұл салдары. 2015 жылы киік жаппай қырылған кезде популяция күрт төмендеді. Бөкендерді қорғаудың арқасында жыл сайынғы өсімді 40-50 пайызға жеткіздік. Сол кезден бері киік саны өсіп жатқанда Үкімет «егер 1 миллионнан асатын болса не істейміз?» деп сұрақ қоюы керек еді. Осындай мәселелер туындауы мүмкін деген болжам болуы қажет еді. Алдын ала еш жоспар болмады. Әкімдіктер ауыл шаруашылық жерлерін бейберекет тарата берді. Ақыры киіктердің жайылымы тарылды, – дейді ол. Маманның сөзінше, биыл 80 мың киік ататын болса, шаруалардың мәселесі шешілмейді. Ақыры билік келер жылы бұдан да көбін қыруға мәжбүр болмақ. Төртіншіден, эколог біраз өңірді аралағанда егіндіктің көбі сонша, киік түгілі мал жайылатын жер жоғын көрген. Содан кейін киіктер амалсыз шаруалардың жеріне түсетінін айтады.

– 80 мың киікті атқан күннің өзінде ет комбинаттарының өңдеуге күш-қуаты жете ме? Етті халықаралық нарыққа шығаратын болсақ, СИТЕС конвенциясы барын ұмытпайық. Сирек және құрып кету қаупі бар жануарлардың тасымалын реттейтін жүйе. Ол жерде арнайы нөлдік лимит бекітілген, олар рұқсат бермесе, біз киік етін жайдан жай сата алмаймыз. Сол үшін сыртқа тасымалдар алдында осы мәселені реттеп, лимит бекіту қажет. Тағы бір сауал – киік мүйізінен не дәрі жасалады, қандай ауруларға ем? Соны зерттеп, фармацевтикалық нарықты дамытуға болады. Сонымен, мораторий біткенде киік аңшылық түрге ауысып кетеді. Оған да лимит бекітілу керек. Бәрі арнайы мекемемен реттелуі тиіс. Мұның бәріне әзірлік жоқ. Сондықтан мораторийді 2025 жылға ұзарту қажет. Егер барлық мәселені реттеп қойсақ, киік санын реттеуге қарсы болмас едім, – деді эколог. Оның айтуынша, негізі процестер табиғи жолмен реттелуі қажет. Бірақ экологиялық ахуалдың күрделенгені сонша, жануар санын реттеуге атсалысатын қасқырлар тым азайып кеткен. Кейбір өңірлерде мүлде жоқ. Ақыры табиғи процестерді адам қолымен реттеуге мәжбүр болыппыз.

Киік етін консервілеуге қатысты пікірдің бәрі оң емес.

- Киікке қатысты сөзімізді сабақтасақ, министрлік киікті өлтіруге рұқсат берген еді. Бұл есерсоқтық деп қабылдауға болады. Киік – асыл тұқымды жануар. Оның киесі мен қасиетін естен шығармаған жөн. Сол себепті қазақ халқы бұған дейін киіктің етін жемей тіршілік етсе, әрі қарай да өмір сүре алады, – деді қала тұрғыны А.Камалов.

Түйіндей келе, жаратылысты жаншып, кедергі деп күйіне беру құбылған күйді реттей қоймас. Азық қылуды, яки аулаудың ғана жолын қарастырмай, арба сынбайтындай, өгіз өлмейтіндей етіп оңды шешім қабылдаған ләзім. Әйтпесе, қолымыздағыны құрдымға жіберіп, табиғаттың берер тосын сыйынан мақұрым қалармыз...

**Замира АХМЕТ**

*Жалғасы. Басы 1-бетте*

# Дария демі ішінде



**«Экологиялық аумаққа жататынымыз рас. Арал теңізі, Байқоңыр ғарыш айлағы бар. Енді міне, дария да осы қатарға енді. Соңғы екі жылда су деңгейінің күрт төмендеуіне байланысты су тапшылығы орын алып, қаншама шаруашылықтың еккен егіні шығынға ұшырады. Малға жем-суы жетпеді. Осылайша нағыз жұт келгендей күй кештік. Ірі қаралардың қырылғанын әлеуметтік желілерден көрген боларсыз. Сол жылы малынан айырылған аралдықтар топтасып көшуге де шешім қабылдап жатты. Әрине, тек бізде ғана емес, Батыс өңірде, Маңғыстау облысында да мал қырылды. Дегенмен соңғы екі жылдағы дария суының жағдайы осы жылы да не болады, алдымызда не күтіп тұр деп уайымдауға себеп. Малмен, егін өнімдерімен күн көріп отырғандар қаншама», – дейді Мәделхан Сүндетов есімді қазалылық тұрғын.**



Ресми деректерге сүйенсек, қуаңшылық республика бойынша қарқын алған 2021 жылы Арал ауданына қарасты сегіз ауылдық мекенде 553 бас, оның ішінде 176 бас ірі қара, 376 жылқы мен бір түйе өлгені тіркелген екен. Әрине, сандарды сөйлетсек, жаға ұстатар жаңалық көп. Дегенмен бір ғана өзен суының бүкіл аумақтың экологиялық, экономикалық әл-ауқатына, тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей әсері барын мойындаған жөн.



Осыдан екі жыл бұрын президент Қасым-Жомарт Тоқаев та аталған мәселеге қатысты пікір білдірген еді. «Трансшекаралық өзендер, әсіресе, Сырдария, Жайық пен Іле өзендерінің тайыздануы мен экологиялық жағдайының нашарлауы байқалады. Мұның бәрі көбіне көрші елдерден келетін су көлемінің азаюына байланысты, себебі ол елдердің өзінде су тұтыну көлемі артқан», – деді президент. Нәтижесінде 120 каналды қайта жаңғыртуды және 9 жаңа су қоймасының құрылысын жалғастыруды тапсырған. Ал дарияның қазіргі жағдайы қалай?

Бүгінгі күні«Шардара» су қоймасында 5 млрд текше метр, «Көксарай» су реттегішінде 1,79 млрд текше метр су бар. «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының мәліметіне қарағанда 2023 жылдың вегетациялық кезеңіне 3,8 млрд текше метр су пайдалану лимиті белгіленген, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 200 млн текше метрге артық. Ал Душанбе қаласында өтетін Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан елдері кіреді) кезекті отырысында су пайдалану маусымындағы Сырдария өзенінің деңгейіне жасалатын болжамға сәйкес «Шардара» су қоймасына түсетін көлем нақтыланады. Болжам нақтыланған соң су лимиттері қайта белгіленеді. Биылғы қыс-көктем айларында «Нарын-Сырдария» каскадындағы қоймалардан төменгі ағысқа жіберілген мол судың арқасында каналдар мен көлдер жүйелері, шабындықтар суландырылды, Арал теңізінің суы 18,5 млрд текше метрден 20 млрд текше метр астам көбейді. Дегенмен судың қалпын қанша бақылауда ұстағанмен, бір ай не бір аптадан соң құрғақшылықтың қайталанбасына кім кепіл? Мемлекеттер арасындағы мәмілеге, шекаралар арасындағы шектеулерге байланысты Сыр суы тағы да тапшылық етсе, өзен-көлдердің құрғап, ауыл шаруашылығы дақылдары, басты өнім – күріштің өнімділігі азаймақ...





**АРАЛЫМ ҚАЙТА КЕЛСЕ ЕКЕН...**

Арал теңізінің тартылуы Арал мен Қазалының, жалпы Сыр аймағының немесе тек Қазақстанның ғана емес, адамзаттың мәселесіне айналғалы осы бағытта түрлі жоспарлы шаралар қолға алынып келеді.

Аралда 15-17 мамыр аралығында «Тұран ойпаты-Арал теңізі» қоғамдық бірлестігі, Халықаралық «Аралды құтқару қоры» дирекциясы және Арал ауданы әкімдігінің қолдауы нәтижесінде «Арал – Еркін экономикалық аймақ» атты халықаралық экономикалық форум ұйымдастырылды. Теңізді өлкенің өткенін ой өрнегінен өткізіп, болашағын бағдарлауға негізделген халықаралық форумда үш күн бойына көптеген өзекті мәселе қозғалды.

Жиынның алғашқы күнінде Арал ауданына қарасты «Аралтұз» өндіріс орнын мемлекет меншігіне қайтару, балық шаруашылығындағы күрделі мәселелер, «Қазақстан теміржолы» және денсаулық сақтау саласындағы түйткілдер әңгіме өзегіне айналды.



«Аталған экономикалық форумды өткізудегі басты мақсат – Арал өңірінде еркін экономикалық аймақ құру, экологиялық апат аймағын жасыл экономикалық аймаққа айналдыру. Бұған дейін қоғамдық бірлестік тарапынан 2021 жылы Арал құрылтайын өткізіп, қытайлық химиялық сода зауытын салуға тұрандықтар атынан қарсылық жеткізген болатынбыз. Бұл талабымыз бір жыл бұрынғы «Аралға су келе ме?» және «Экомарафон-2022» қарарында көрсетілді. Биылғы басқосудың ерекшелігі – Халықаралық Аралды құтқару қорымен бірлесіп, Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу, толтыру, еркін экономикалық аймаққа айналдырудың тиімді жолдарын қарастыру мен стратегиялық жобаларды іске қосу. Сондықтан биыл ұйымдастырған экономикалық шара Арал өңірін жетекші жасыл экономикалық аймаққа айналдыруға бағытталады», – дейді «Тұран ойпаты-Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің президенті Нұртуған Тұржанов.



Иә, Аралдың жағдайы айтпаса да түсінікті. Ал экологиялық мәселе ретінде әлем тарапынан назарға алынғанынан қандай пайда бар? Аралдықтардың мәселесі оңынан шешіліп жүр ме? «Негізінен Арал өңірі экологиялық ахуалы ушыққан қасіретті аймаққа айналғанына 50-60 жыл болды. Осы уақыт аралығында өңірде жұмыссыздық ғана емес, адам тағдырына төнген қауіп артып отыр. Сондықтан да Аралға еркін экономикалық аймақ мәртебесі қажет.

Форумды өткізу арқылы Арал тағдырына биліктің назарын аударып, парламенттік отырыс өткізсек дейміз. Өткен жылы өткізген экомарафонда «Арал-Сырдария» бассейні мәселесін көтерсек, бұл жолы Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын қаузап отырмыз. Мәселен, Арал өңірін сақтандыру бағдарламасы жұмыс істеп жатқанымен, әлі күнге нақты нәтиже болмай келеді. Егер Аралға еркін экономикалық аймақ мәртебесін берсе, салықтық жеңілдіктерге қол жеткізіп, кәсіпкерлердің жобаларын жүзеге асыруға жол ашылар еді», – дейді қоғамдық бірлестіктің атқарушы директоры Айжарық Ералиев.

Теңізбен бірге бейқам тіршілік кешкен аралдықтардың берекесі де қашқандай. Кәсіпкерге қолдау керек. Экологиясына да, басқасына да қарамай осында қалам, туған жерді түлетем деген тұрғындардың талабы да ескерілу қажет. Сұрақ көп, шешім белгісіз. Тек қана Сырдария мен Арал тағдыры ұқсап кетпесін деген тілек бар...

**Дина БӨКЕБАЙ**

# АВТОБУСТА КІТАП ОҚИСЫЗ



**«Қызылорда» автобус паркі» ЖШС «KitapAl» кітап дүкенімен бірлесе отырып халықты көркем әдебиетті оқуға баулу мақсатында қаланың қоғамдық көліктерінде алғаш рет жылжымалы электронды кітапхана іске қосты.**

Қазіргі таңда электронды кітапханалар «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-не қарасты қоғамдық көліктерінде орнатылған. Кітап оқу үшін жолаушылардың смартфондары ғаламтор желісіне қосулы болса болғаны.

QR код бойынша кітап оқу опциясы 16 бағыт (№1,3,11,12, 14,15,17,18,19,20,22,25,28,29,3 0,31) бойынша жолаушыларды тасымалдайтын автобус салондарында қолжетімді. Мұнда қазақ, шетелдік классиктердің шығармалары және психологиялық, тұлғалық даму бағытындағы кітаптар жолаушылар үшін қолжетімді. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», Д.Қонаевтың «Ақиқаттан аттауға болмайды», М.Мақатаевтың «Өмір өзен», Л.Кинның «Как разговаривать с кем угодно, когда угодно и где угодно?», П.Уоллейстын «Интернет психологиясы», П.Коэльоның «Алхимик», Д.Кахоның «Түйсігіңмен ойла», «Мың бір түн» шығармалары бар. Алдағы уақытта кітаптар тізбесі жаңарып отырады.

Бұған қоса тағы бір жағымды жаңалық бар. КБИ мөлтек ауданын қала орталығымен жалғайтын қалаішілік №10 бағыт жаңғыртылып, 22 мамырдан бастап қызмет көрсетеді. Аймақ басшысының қолдауымен алынған жаңа автобустар халық игілігіне жұмыс істеуде. Қоғамдық көлікте мүгедектігі бар жандарға арналған пандус бар. Автобус салоны жолаушылардың қауіпсіздігі үшін бейнебақылау камерасымен, жылыту және салқындатқыш, GPS қондырғысымен жабдықталған.



Сонымен қатар жыл аяғына дейін облыс орталығы тұрғындары мен қала қонақтарына сапалы қызмет көрсету мақсатында қосымша 150 дана үлкен сыйымдылықтағы автобустар сатып алынып, қала ішілік бағыттарды толықтай қамту жоспарланған.

Айта кетейік, бүгінде серіктестік – №1, 3, 11, 12, 14, 15, 17, 18, 19, 20, 22, 25, 28, 29, 30, 31 қалаішілік бағыттары және «Ягодка», «ПМК – 29» бен «Қараөзек» саяжайлары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруда. Қоғамдық көліктердің жүріс-тұрысын «2GIS» мобильді қосымшасы арқылы бақылауға болады. Онда жолаушы баратын жерге қай автобус өтіп бара жатқандығын және жақын аялдамаға автобус қанша уақыттан кейін келетіндігін де көре алады. Бұл мүмкіндіктердің барлығы қолжетімді.



«Автобустарға арналған «автоинформатор» арқылы жолаушыларға автоматты түрде аялдама атауларын, жолаушыларға қалта ұрлығынан сақ болуын, жол жүру билетін талап ету қажеттігін хабарлап отырады. Арнайы навигация жүйесі ескертулерді толығымен автоматтандыруға мүмкіндік береді, яғни жүргізуші көлік жүргізу барысында алаңдамайтын болады», – деді «Автобус паркі» Қызылорда» ЖШС директорының орынбасары Әмірбек Шаймағамбетов.

Бұл автоматтандырылған қосымша арқылы тек аялдамалар туралы ақпарат ғана емес, сонымен қатар жүргізушілер мен жолаушылар сақтауы және ұстануы тиіс ережелерді, қоғамдық көліктерде ақы төлеу түрлері мен жол жүру бағасын көруге болады.

# КӨЛІК ІШІН КӨРКЕМДЕГЕН



**Жастардың талғамы бөлек. Әсіресе, жаздың күндері жеңіл киімге қазақы нақышта немесе өзге үлгіде болсын, ою-өрнек салдырып жатады. Тіпті, соңғы уақытта жейдесінің алдына атын не руын жаздыратындар жетерлік. Күнқағар бас киіміне де солай. Патриоттық сөздерді де оқып қаласыз мұндайда.**

Біз бұны сөге жамандамаймыз. Еркін қоғамда олар қалай, қандай үлгіде киінеді, өз еркінде. Бастысы, ашық-шашықтан аулақ жүргенін мақұл көреміз ғой.

Айтпағымыз ол емес. Арал ауданының тұрғыны Дастанға осы тектес тапсырыстар жиі түседі. Бірақ, киімге емес. Ол көп уақыттан бері өз шеберханасында көлік ішіндегі орындық тысын жаңартып, қажетті төсеніштерді дайындап жүр. Жоспарын нақты құрған ол мемлекеттік бағдарламаға сүйеніп, жобасын қорғапты. Осылайша талапты жігіттің айы оңынан туып, қайтарымсыз 555 мың теңге грант ұтқан.

– Бұл кәсіпті өз бетімше үйрендім. Жақын інім бар. Ол көне жиһаздарды, яғни диван мен орындықтарды қайта жаңартатын. Соның қасында жүріп, қызығушылығым оянды. 2019 жылы үй ішінен авто тігін цехын ашып, көліктің ескірген салоны мен орындықтарын әдемі мата немесе былғарымен қаптап тігуді бастадық. Қазір екінің бірі көлік тізгіндеген. Тіпті бір үйде екі шетелдік маркадағы жеңіл машина бар екенін өзіңіз де білесіз. Бұл үрдіс баратын автожолы жап-жақсы ауылдарға да жетті. Ең алғашқы өнімді таңғы сағат алтыға дейін қиындықпен тіккенім есімде. Кейін қолымыз әбден дағдыланды. Қазір көлік айдаушылардың сұранысы ерекше. Бірі атын жаздырып, келесісі ұлттық ою-өрнек таңбаланғанын қалайды. Бәрінің көңілін тауып, сапа жағына ерекше мән беріп, жұмыс істеудеміз, – дейді Дастан Бисенов.

Оның еңбекқорлығы мұнымен тоқтамаған. Сүйікті кәсібін кеңейтіп, автомобильдерге химиялық тазалау да жүргізеді. Осылайша көлік ішін көркемдеп, табыс тауып жүр. Әзірге бұл жігітке аудан бойынша бәсекелес жоқ. Содан болар, кірісі де жаман емес. Өзімен қоса бес тұрғынды жұмыспен қамтыған.

– Грант қаржысы кәсіп бастауыма көп көмегін берді. Екі арнайы тігін құралын алдырдым. Тапсырыс жетерлік. Адам баласының жауы – жалқаулық. Бір кездері әртүрлі жұмыс істеп, біршама істің басын шалдық. Ең соңында сүйікті ісіме оралдым. Осы шаруамды әлі де жандандыра бермекпін. Жақын арада жеке ғимарат алып, бұдан бөлек, көлік сыртын бояу, әрлеу жұмыстарын да бастамақпын, – дейді аралдық кәсіпкер жігіт.

«Кәсіпкерлікті дамытуға арналған бағдарлама өзін осы салаға арнағандарға көп көмек. Әрі бәсекелестікті де күшейтеді, ізденісінді арттырады». Шағын бизнеспен шаруасын дөңгелеткен Дастан осылай дейді.

Ал біздің ойымызша, кәсіпкерлігі дамыған елде жұмыспен қамтылатын халық саны артады. Жұмыс көзі табылып тұрса, ел жағдайы жақсы болары тіпті анық емес пе?

Айта кетсек, Аралдағы бюджет кірісінің бірден-бір көзі – кәсіпкерлік. Бір ғана мысал, бүгінде Арал ауданында 6062 шағын және орта кәсіпкерлік жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар мен қаржы институттары арқылы 398,5 млн теңгеге 49 жоба несиелендірілген. Бұдан бөлек, 449 млн теңгеден астам қаражатқа 48 жоба іске аспақ. Ал «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасымен 1 млн 380 мың теңге қайтарымсыз гранты 30 адамға берілген.

**Ержан ҚОЖАС**

**Қазақтың басынан дүрбелең жылдары небір қиындық өтті. Дархан даланың ұланғайырлығы қай елді болмасын қызықтырғаны хақ.**

# МАҒЖАН - ДӘУІРДІҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ



Сол үшін қазақтың сағын сындырып, рухын құлатуға талай дұшпандар көзін алартып, басып алу үшін тырысып бақты. Бірақ батырлығы ананың ақ сүтімен, тектілігі әкенің қанымен келген ұлтжандылық ешбір жауды басындырып, басқа шығарған емес.

Әр заманының ұлылары өз әрекетімен қазақ жерін қасық қаны қалғанша шайқасып жеңе отырып, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттып жеткізіп отырған. Мағжан Жұмабаев та ұрпағына өшпес мұра қалдырып өз дәуірінің ұлтжанды ұлы тұлғасы бола білді. Қазақтың өміршең өлеңдерімен намысын қорғап, жастардың жігерін қайрап, сол дәуірдің әділетсіз әрекеттерін туындыларымен барынша халықтың жүрегіне жеткізіп, құлағына құя білген болатын. Абайдың ізін жалғастырушы, Абайдан кейінгі барлық тақырыпты қамтыған, өлеңдерінде өзекті мәселелер қозғалған ақын.

Мағжан еңбектерінің тәрбиелік мәні зор. Ұрпақтан ұрпаққа адамгершілікті, еңбекті, сауаттылықты ту ету жолында жастардың намысын оятып, халқын, елін сүюге, яғни патриот болуға шақырып отырған.

Сол дәуірдің ең бір өзекті мәселелерінің бірі – әйелдер теңсіздігін жырлай білген жалынды ақын еді. Бай мен кедейдің бет-бейнесі ерекше бедерленген заманның зарын еңбегінің тақырыптарына арқау ете білді.

Мағжан жырламаған жыр, жазбаған жазба қалмаған болар әсте. Қаламының ұшқырлығы қашанда халықтың жадынан жоғалған емес. «Мен жастарға сенемін» деп жырлай отырып, жазбаларынан көп ой мен тамаша сырларды көруге болады.

Мағжан өз заманының бет-бейнесімен тыныс-тіршілігін сипаттай білген көреген де, ұлтжанды тұлға деп толғап айтуымызда үлкен негіз бар. Қазақтың ертеңі үшін аянбай, тер төге отырып жастардан зор үміт күткен болатын. Жастардың елдің ертеңі екендігін баса айта білген. Сондықтан да еңбектерінің басым көпшілігін жастарға арнаған. Қазақтың қанына біткен тектілігі қашанда жарқ етіп, өшпейтіндігі анық. Елдің теңсіздігі, халықтың сауатсыздығы, небір зұлматтардың басынан өтіп, қалжыратса да еш мұқалмай, алға қарай зор сенім арта білгендігін өлең жолдарынан көре аламыз.

Қазақтың қамы үшін Алаш ардалары өз жанын қиып, жау қолынан қысым көрсе де, еш мұқалмай халыққа демеу бола білген еді. Соңғы ақтық демі қалғанша қазақ деп жүректері соғып ұрандап кетті. Сол жолда жасаған ерліктері мен халыққа рух берген туындыларын бүгінде қадірлеп, қастерлеп, сары майдай сақтағанымыз, ұрпақтың ұлыға құрметі болар деп білемін.

**Аида АМАНЖОЛ,**
**№7 мектеп лицейдің 11 сынып оқушысы**

# ҚАУЫН ШЫБЫНЫНАН ҚАУІП БАР

Қауын шыбыны зиянкесі көршілес Өзбекстан Республикасында 2005 жылы пайда болып, 2010 жылы тек Қарақалпақстан Республикасы аумағында 20 мың гектарға жуық қауындықты залалдап, жарамсыз жағдайға жеткізген. Ал, ел аумағында 2006 жылы алғаш рет Қызылорда тіркелді. Бұл зиянкес қауындарды тесіп, жарамсыз жағдайға жеткізеді. Қауын шыбыны қандай зиянкес, қайдан келген, зияны қандай? Онымен күрес шараларын диқандардың басым көпшілігі білмейді. Кейбір диқандар зиянкесті ажырата алмайды да.

Жалпы зиянкес туралы қысқаша айтар болсақ, қауын шыбыны көктемде қауынның гүлдеу кезеңінде жаппай ұша бастайды. Ұшу белсенділігі таңертеңгі мезгілде жоғары.

Қазіргі таңда диқандар шекараны түрлі жолдармен айналып өткен немесе шыққан жері белгісіз, яғни тұқым инспекциясының құжатынсыз, қауын тұқымдарын алып келіп, көптеп егуде. Ол тұқымдардың ішінде біздің аймақ үшін карантиндік нысан болған қауын шыбынының жалған пілләсінің жоқ екендігіне кім кепіл?! Тұқым таңдауда, әсіресе, өсімдік қорғау бағытында өте сақ болуымыз керек.

Қызылорда облысында қауын шыбыны зиянкесі – өте қауіпті карантиндік зиянкес. .

Карантиндік зиянкес қауын шыбынымен зақымданған қауындарды химиялық (қауын тұқымдарын дәрілегіш препараттармен өңдеу, зиянкеске қарсы қауынның нағыз жапырақтары пайда болғаннан бастап гүлдегенге дейін) және агротехникалық (құрттардың топыраққа түспеуі үшін зақымданған қауын қалдықтарын 80 см тереңдікте жерді қазып көміп тастау, егістік жерді терең етіп жырту немесе суға бастыру, ауыспалы егіс тәртібін сақтау, 3-4 жыл бұрынғы қауын тұқымын пайдаланбау) күрес жолдарымен жоюға болады.

**Қауын шыбыны зиянкесінің жалпы таралу аймағы Еуропа, Ресей, Әзірбайжан, Армения, Грузия. Ал Азияда – Ауғанстан, Өзбекстан және Қазақстан мемлекеттері.**



**Әлтай МАРЛАН,**
**ҚР АШМ АӨК МИК-нің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы – өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы**

# СӨЗДІҢ СЕНІМГЕ ӘСЕРІ

**Әжелер институтының тәрбие құралы ретінде өз функциясын толыққанды атқарып тұрған уақытын көрген ұрпақтардың соңғы легі біздің қатар болса керек. Олар – тәуелсіздік жылдарының бастапқы кезеңдерінде өмірге келген перзенттер. Кейіннен нарықтық уақыттың салдары көп құндылықтарымыздан айырды. Ертегі айтатын әжелер қалмай барады. Сөздің қадірін терең ұғынған ана азайып бара жатыр. Дегенмен, мәселе әжелер жайлы емес, әжелеріміздің мысалы арқылы бала психологиясына қажетті белгілер жайлы тарқатпақпыз. Әжелеріміз тентектік еткенімізде «Көгергір», «Өңгір», «Өскір», «Тұқымың жайылғыр» деп отыратын. Аты қарғыс болғанымен, заты ізгі тілек. Ашуланса да, ішінен айналып, толғанып тұрады екен ғой. Бұл жағдайдың асыл дінімізде де, психология ғылымында да түсіндірмесі бар. Ислам түсінігінде ата-ананың аузынан шыққан әрбір сөз балаға дұға ретінде жолданады екен. Яғни мұсылмандардың сенімі бойынша әжеміздің «өркені жайылғыр», «бай болғыр» деген сөздері тағдырымызға тікелей әсер етеді-мыс. Мұндайда дана халқымыз «Жақсы сөз сөйле немесе үндеме» деп жатады. Ал психологияда бала санасының сенгіштігі сөз етіледі. Қайтадан әже мысалына ораламыз. Оның «көгергір», «өскір» деген сөзі баланың ойында мен өсуім керек, көгеріп көктеуім керек, ата-анам үміт артып отыр, сенімдерін ақтауым қажет деген секілді түсінік қалыптастырады екен. Дана әжелер-ай...**



Қалыптасушы балаға ата-ананың сөзі үлкен рөл атқарады. Нақтырақ айтқанда сенім етеді. Екі жағдайды алып қарайық. 1-жағдай – Арман және ата-анасы. 2-жағдай – Мақсат және ата-анасы. Арманның анасы ылғи оған сенетінін, әркез қолдайтынын айтып отырады. Ал, Мақсаттың отбасында оның ештене істей алмайтыны, қолынан келмейтіні жайлы көп сөз етіледі. Кімнің жетістікке жету мүмкіндігі жоғары екені түсінікті.

Сондықтан балаңызға ылғи мүмкіндік көп екенін, ата-анасының қолдауы көрсететінін айтып та, сезіндіріп те жүріңіз. Бұл балаға сенімділік ұялатады, ал сенімді баланың қалыптасуында кедергілер мен түсініспеушіліктер туындамайды.

Тағы бір мәселе – ынталандыру. Балаңызды белгілі бір дәрежеде жетістікке жетуге ынталандырыңыз. Ол шабыттандырады. Алайда ынталандыру тұрғысында маман ретінде бірнеше кеңес бергім келеді. Бірінші мән беретін дүние ынталандыру сыйының көлемі. Ол сатылап өсу керек және сол мадаққа лайықты ісімен шамалас болуы шарт. Әркез баланың не үшін марапатты болып жатқанын айтып отырыңыз. Себебі ынталандыруға үйрету арқылы оған «менің әр ісім бағалы болуы керек, мен тегін немесе сыйлықсыз ештене істемеуім керек» деген ой салуымыз мүмкін.

Үшінші мәселе – қателігі мен кемшілігін айтып жасыту. Біздің бала тәрбиесіндегі ең үлкен қателіктеріміз осы – қателігі арқылы жасыту. Баланың білместікпен жасаған қателігін ылғи айтып отыру оны жасықтыққа соқтырады. Бала белгілі бір істі бастау алдында қателесуден және сіздің қателікті бетіне басып айтатыныңыздан қаймығып көп дүниеден бас тартады. Ал ондай кезде даму болмайтыны белгілі. Тұрмыстық мысалмен түсіндіріп көрейік. Мәселен, ол күрес спортымен шұғылданғысы келеді, алайда сіз оның өткен жолғы кішкене жүкті көтере алмау кемшілігін айтасыз. Бала түсінігінде мен әлсіз екенмін және күреспен айналысуға болмайды деген ой қалыптасады. Бәлкім ол болашақ күрестен спорт шебері шығар. Сондықтан баланың қателігін немесе кемшілігін ылғи айта берудің қажеті жоқ. Дегенмен де, оны жылы жауып қоюға кеңес етпеймін. Оның да кері әсері бар. Бұл тұста баламен ашық диалог құра білуі керек. Ол жерде оның қателігін немесе кемшілігінің туындау себебін, қалай күресу керектігін, екіншіден қателік жасамауға шақыру секілді әңгіме өрбу керек.

Төртінші мәселе – баланы алдамау. Ешкім баласын алдамайды немесе оның алдында ақталмайды ғой деген ой туындауы мүмкін. Нақтырақ айтқанда өз-өзімізді алдамау керекпіз. Біздің сөзіміз бала сеніміне тікелей әсер ететіні секілді ісіміздің де үлкен рөл атқаратыны анық. Мәселен жасөспірімге темекі шекпеу жайлы насихат айтамыз, алайда ол отбасыда шылым тартатын адам бар деп есептейік. Нәтижелілік қанша пайыз? Әрине бала көрегенін істейді. Сондықтан сөзіміз бен ісіміз сай келгені абзалырақ. Сонымен қатар, баламен сөйлескен уақытта өзіміз сенбейтін құндылықтарды оған айтудың қажеті жоқ. Біздің сөзіміз қалай? «Менің балам министр болады», «Менің балам президент болады» дейміз. Кішкене кезден бұл сөздерді естіп өскен баланың бейсаналы жадында өзінің жақсы қызметке жетуі керектігі жөнінде сигнал сақталады. Алайда бір мемлекетте бір ғана президент және бірнеше ғана қалаулы қызметкерлер болатыны белгілі, сәйкесінше біз айтқан межеге бала жете алмайтынын көргенде оның бойында сенімсіздік басым болады. Сол себепті де сөз балаға меже ретінде айтылатындығын ескеріп, оған өз потенциалы жететін тұс турасында сөз еткеніміз жөн.

**Айдана АСЫЛБЕКОВА,**
**М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы**



# ЖАС ТҮЛЕК! ЖОЛЫҢ БОЛСЫН,

**Санаулы күндерден соң мың сан түлек аяулы мектебімен қоштасады.**

Мектеп бітіру мерекесі әр адамның өміріндегі ерекше, ұмытылмас күндердің бірі. Себебі, тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан бүгінгі түлектер білім нәрімен сусындаған мектеппен қоштасып, үлкен өмірге жолдама алады. Оған қоса Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Осы сәттерде оқушының жүрегі тебіреніп, қобалжып уайымдауы мүмкін. Өз шәкірттеріммен қатар, барлық бітіруші түлекті, осы мақалам арқылы жігерлендіргім келеді.

Жас түлек, ең бастысы сен ата-анаңның сүйікті перзентісің. Саған әркез сенім білдіріп, қолдау білдіретін жақындарың бар. Олар асқақ армандарың орындалып, өміріңде бақытты сәттер көп болсыншы деп тілеуіңді тілеп жүр. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін» деп ата-анаң сен үшін бәріне дайын. Тіпті ҰБТ-дан аз балл алып қалсаң да, олар қасыңнан табылады. Бұл сынақтан өтпесең, келесі кезеңде міндетті түрде өтесің.

Мектеп өмірін де жақсы өткіздің. Бітіруші сәтке жеттің. Ұстаздарыңның да үкілеген үмітісің. Олар тек бір ғана тестілеуден сәтті өткеніңді емес, өмірде жолың болып, жақсы азамат болғаныңды тілейді. Алдыңда сан түрлі сынақтар, жауапты сәттер кездеседі. Сол уақыт үнемі жадыңда болсын, өмірдің барлық сәтсіздіктері бақытсыздық емес.

Иә, сен ең бақытты жансың! Достарыңнан қалмай мектеп бітіріп, алға қадам жасап барасың. Бастысы алдыңа үлкен мақсаттар қой. Арманда. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» дейді. Асыл арманың үлкен жетістіктерге жеткізеді. Ең бастысы, Абай атамыз айтқандай, «өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап». Әркез өзіңе деген сеніміңді жоғалтпа!

Мемлекетіміз оқимын, жақсы істерді үйренемін деген оқушылар үшін барлық жағдай жасаған. Тек білім ғана адамға өмір жолын дұрыс таңдауда еркіндік пен өз-өзіңе деген сенімділік, табысқа жетуге және өз қабілетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, ол елдің еңсесі биік болады» деген сөз бар. Қандай кедергілерге кездессең де, жігеріңді жасытпа! Алда сені күтіп тұрған армандарың көп екенін ойла! Еліміздің болашағы – сендердің қолдарыңда. Талаптарың оң,сапарларың сәтті болсын!



**Динара КЕНЖЕБАЕВА,**
**№106 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары**

# ҚҰСТАРҒА ҚАМҚОР БОЛАЙЫҚ



**Жылда дәстүрлі түрде «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-нің ұйымдастыруымен «Парктер шеруі» табиғатты қорғау акциясы өткізіледі.**

Жуырда акция аясында Арал ауданы №82, 75 орта мектебінде «Құстарға қамқор болайық» атты іс-шара өтті.

№82 орта мектебі тәлімгері Г.Мняжованың ұйымдастыруымен оқушылар құстар туралы өлең оқып, жобалар қорғады. Экология және еңбек фракциясы» жетекшісі көркем еңбек пәні мұғалімі Қ.Жұмағалиев «Құстар – біздің досымыз» тақырыбында суреттер байқауын және «Құстарға қамқор болайық» атты құстарға арналған суға жіберетін, талға ілетін ұялардан көрме ұйымдастырды.

«Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-нің экологиялық ағарту маманы А.Есенова қорық аумағындағы құстар туралы, оларды қамқорлыққа алу жайында ақпарат берді. Халықаралық құстар күні 1906 жылы құстарды қорғау бойынша Конвенцияның бекітуінен кейін атап өтіле бастады. Оның негізгі ережелері ұя салу және мекенді ауыстыру кезінде құстардың барлық түрлерін қорғауға; жойылып кету алдында тұрған құстар түрлерін ұдайы қорғауға, құстарды көбейту үшін қорықты құруға және экологиялық білім беруге бағытталған. Құстардың қауырсыны жылуды сақтауға және ұшуға көмектеседі. Дегенмен ұшпайтын құстар да кездеседі. Қазақстанда құстардың 489 түрі бар. Оларды мекен ететін орындарына қарай орман, ашық дала, батпақты – шалшықты және су құстары деп бөледі. Балалар Барсакелмес қорығы аумағында 250-ге жуық түрлі құстар бар екенін, оның 33 түрі Қызыл кітапқа енгізілгендігі туралы ақпарат алды.

Шара барысында қосымша білім беру маманы Е. Батаманов сурет байқауына қатысқан оқушыларды диплом, Алғыс хаттармен марапаттады. Сондай-ақ, оқушылар мамандармен және жетекшілерімен бірге құстарға арнап жасаған ұяларын талдарға ілді, суға жіберді.

**Мейрамбек БАЙЖІГІТОВ,**
**Арал ауданы Қаратерең ауылы «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-нің қоғаммен байланыс маманы**

# БАПКЕРЛЕР ҮМІТІ АҚТАЛДЫ МА?

**Жуырда байрақты бәсеке – бокстан әлем чемпионаты мәресіне жетті. Қазақстан құрамасы араға 10 жыл салып, 4 алтын медаль иеленді. Бұл жүлденің маңызы мен мәні зор. Себебі, дода бокстағы басты бәсекелес ел – Өзбекстан мемлекетінде өтіп, жарыс барысында түрлі оқиға орын алды. Алайда ең маңыздысы, «аталған дода отандық спорттың даму көрсеткішін байқатты ма?» және «Бапкер көмегі қандай?» деген сауалға жауап іздеу.**

Расында, бапкердің маңызы ерек. Себебі, боксшылардың жемісті нәтиже көрсетуі тікелей бапкердің қарым-қабілетіне байланысты. Бұл ретте жыл басында ғана ұлттық құраманың бас бапкері қызметіне келген Мырзағали Айтжановтың еңбегі ерен. Шебер бапкер аз уақытта құраманы жарысқа әзірлеп, спортшылардың мүмкіндігін ашты. Кезекті нәтижеден соң оны 2013 жылғы жетістікті қайталаған майталман маман ретінде әспеттеуде. Ол да жөн мақтау. Өйткені, 10 жыл бұрын Алматыдағы боксшылардың аламанында да жерлестеріміз М.Айтжановтың жетекшілігімен жүрді. Сол қазақстандық боксшылар 4 алтын, 2 күміс, 2 қола медаль жеңіп, бокс жанкүйерлерін шаттыққа бөлеген еді. Сондықтан Мырзағали Айтжановтың шеберлігі қазаққа жеңіс сыйлады десек, артық емес.

Есімізде болса, бұған дейін Токио Олимпиадасында боксшыларымыз сәтсіздікке ұшыраған еді. Жанкүйерлер көңілтолмастық білдіріп, кәсіби мамандар бап келіспегенін сынағаны бар. Аталған олқылықтан соң федерация басшылығы жыл басында бас бапкерді ауыстырды. Тіпті, Литвадан арнайы маман шақырып, боксшылардың физикалық дайындығын шыңдауға тапсырма берілді.







Нәтиже жаман емес. Соңғы жұдырықтасуға көз салсақ, боксшылар бұрынғыдай үшінші раундта шаршап қалмайды. Керісінше, өте сергек және белсенді қимылдағанын көреміз. Демек, сырттан келген шебердің көмегі тигені сөзсіз. Оған қоса құрамадағы әр спортшының жеке бапкері, спорттық дәрігер, массажист, психолог, диетолог сияқты мамандары болуы да нәтижеге кепіл болғандай. Бас бапкер Мырзағали Айтжанов қойған тактика да өз жемісін бергенін айта кеткен жөн.

Сонымен, «Бапкерлер еңбегі ақталды ма, нәтиже қандай? Иә, нәтиже көңіл қуантады. Олай дейтініміз, жарыс Өзбекстанда өтіп, шаршы алаңдағы басты қарсыластарымыз өзбектер болуы жүкті жеңіл емесін көрсеткен. Жартылай финалдан бастап қазақ боксшылары сенімді жұдырықтаса бастады. Бес боксшы финалға шықты. Қолаға қол созым жерде 2021 жылы Сербияда өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегерлері Серік Теміржанов пен Қамшыбек Қоңқабаев, Сағындық Тоғамбай секілді боксшылардың сәтсіздігі жанкүйерге жақпады.

Ташкент төріндегі дүбірлі додада жігіттеріміздің төрт алтын медаль алуын кездейсоқтық емес деп айтар едім. Жасыратыны жоқ, тек Нұрбек Оралбайдан ешкім алтын жүлде күткен жоқ. Ал Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Асланбек Шымбергеновтердің жеңіс тұғырынан көрінуіне шүбә болмаған.

Келер жылы Париж Олимпиадасы өтетіні белгілі. Боксшылардан бұрын бапкерлерге оңай тимейді. Шамасы, Санжар Тәшкенбай 51 кило салмақта бағын сынайды, Сәкен Бибосынов екеуінің арасында жеңімпаз анықтау керек болады. Теміртас Жүсіпов 48 келі салмақта қалатынын айтты. Махмұд Сабырхан Серік Теміржановтың салмағына ауысса, ол жақта да бәсеке қызайын деп тұрғандай. Не дегенмен, үлкен жеңіс әлі алда.

# 85 ЖАСТАҒЫ МАРАФОНШЫНЫ БІЛЕСІЗ БЕ?



**Жуырда БАҚ пен әлеуметтік желіде Қазалы ауданында тұратын 85 жастағы марафоншы туралы ақпарат тарады. Онда қазалылық қарияның әлі де спортпен айналысатыны айтылып, күнделікті спорт дағдысы баяндалған екен. Қарт марафоншының ширақ қимылының сырын білу оқырманға қызық болары сөзсіз. Сондықтан, спортшы туралы аз-кем тарқата кетейік.**

Шынында, Аққоян Рсалиев ұзақ қашықтыққа жүгіруді жастайынан бастаған. 40 жыл теміржол саласында тер төккен қария спорттан бір сәтке де қол үзбеген. Бірер күн бұрын ғана Алматыда өткен дәстүрлі жалпыхалықтық марафоннан жүлделі оралып отыр. Жасы ұлғайса да, ширақ болудың сыры неде?

Сексеннің бесеуіне келсе де, өзін сергек сезінетін Аққоян Рсалиевтың ондаған медалі бар. Үйінің төрінде ілініп тұр. Ал мойнынан тастамай жүргені бірер күн бұрын Алматыда еншілеген жүлдесі екен. Зейнетке шыққалы 18 рет марафонға қатысып, үздіктер қатарынан көрінген. Спортшы мұндай жетістікке күнделікті жасаған жаттығудың нәтижесінде қол жеткізгенін жасырмайды. Сезінше, спортшының әкесі теміржолда таңның атысынан кештің батысына дейін жұмыс істеген. Ал әкесіне тамақ апару Аққоян Рсалиевке жүктелген көрінеді. Осылайша, бала спортшы Бекбауыл елді мекенінен Үлкенсай мекеніне дейін 20 шақырым жаяу қатынаған. Ал 5 сыныпта ересектермен қатар еңбек етіп, табыс тауып, кейін өзі де кәсіптік училищеде білім алып, 40 жыл машинист болды.

Қызметте жүріп те тән саулығына ерекше қараған. Қазір ардагерлер арасында ұйымдастырылатын қол күрес, шахмат, дойбы, мылтық ату спорт түрлерінен бақ сынайды. Сондай-ақ, Алматы марафонының дәстүрлі қатысушысы. Аққоян Рсалиевтің жаттығу жүйесі де қарапайым. Таңертең ерте тұрып, 30 шақырымға дейін жүреді. 3 айналым жасаған соң гимнастикаға ден қояды.

«Шаршамау үшін өзімнің дистанциямды ұстаймын. Өйткені дистанцияға отырсам, 3 шақырым «уклонда» тез жүгіремін, 4 шақырым түзу жолда уақытты теңгеремін. Сағатқа қарап отырамын. 18 жыл марафонға қатыстым. 4 рет бірінші орын. Қалғандары – үшінші екінші орындар», – дейді қария.

30 шақырымды алқынбай бағындыратын ақсақалды шетелдегі спорттық шараларға да шақырып тұрады екен. Осыдан 3 жыл бұрын Түркияның Анталия қаласында алтыннан алқа тағынуы соның дәлелі болса керек. Қарт марафоншы жастарға да ерекше көңіл бөледі. Стадионда солармен бірге жаттыға жүріп, ақыл-кеңесін айтудан жалықпайды.

Кент тұрғындары да 85 жастағы қарияның ширақ қимылы мен спортқа деген ынтасына таңданысын жасырмайды. Көбі азаматтан үлгі алып, талай жастың спортқа бет бұрғанын айтуда.

«Стадионның көркін ашатын – Аққоян аға. Кейде Аққоян ағамен бірге жаттығамыз. Қандай жылдамдықпен жүгіріп, тепе-теңдікті қалай сақтау керектігін айтып кеңес береді», – дейді кент тұрғыны Айдос Мейірімхан.



Аққоян Рсалиев жеті жасынан спорттың футбол, күрес, бокс, шахмат түрлерімен шұғылданған. Өзінің жүгіруге деген қызығушылығы мектеп қабырғасында басталған. Әскерде десантшы болуының да бір себебі дене дайындығына байланысты болғаны анық. Қазір де немересіндей спортшылардың ортасынан жиі төбе көрсетуі саламатты өмір салтына құрылған өнегелі өмір жолын жастарға үлгі етсем деген ниетінен екен.

## САМБОДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



**Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әділбек Серікбаевты еске алуға арналған 2006-2007 жылы туған жасөспірімдер арасында самбодан республикалық турнир өз мәресіне жетті.**

Турнирге 13 команда, 150-ге спортшы қатысты, атап айтар болсақ, Атырау облысы, Ақтөбе облысы, Шымкент қаласы, Жамбыл облысы, Түркістан облысы, Павлодар, Тәжікстан, Қызылорда қаласы және Қызылорда облысының аудандарынан құралған спортшылар қатысты.

Спорттық шараның негізгі мақсаты – облыс көлемінде самбо күресін дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, спортшыларды достыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Республикалық турнирде жерлестеріміз жеңіс төрінен көрінді.

## «ҚАЙСАР» «ҚАЙРАТТЫ» ЖЕҢДІ



**Футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің 10-турында «Қайсар» сырт алаңда «Қайратты» жеңіп кетті. Жанкүйерлер алматылық «Қайрат» өз алаңында Қызылорданың «Қайсарын» қабылдады.**

Алматылық клуб биыл команданың өз түлектеріне үміт артып келеді. Соған қарамастан турнир кестесінде жүлделі орынға таласатын ұжымдар қатарында саналып отыр.

Кездесуде қызылордалық клуб жинақы қимыл көрсетті. Нәтижесінде олардың қатарынан Загре Бен Азиз 10, Дмитрий Бородин 24. 48-минутта үш мәрте мергендік танытты. Осылайша «Қайсар» қарсыласын 3:0 есебімен жеңіп кетті.

Айта кетейік, бұған дейін «Ақтөбе» мен «Каспий» (Ақтау), «Ордабасы» (Шымкент) мен «Оқжетпес» (Көкшетау) және «Тобыл» «Мақтаралдан» кездесу өткізген болатын. 20 мамырда «Жетісу» өз алаңында «Атыраудан» 0:3 есебімен жеңілді. Ал «Шахтер» «Ақсуды» 2:1, «Астана» «Қызылжарды» 3:2 есебімен тізе бүктірді.

## РЫБАКИНА ӘЛЕМНІҢ ТӨРТІНШІ РАКЕТКАСЫ АТАНДЫ



**Рим WTA 1000 турнирінің чемпионы атанған Елена Рыбакина әлемнің төртінші ракеткасы атанды. Яғни, қазақстандық теннисші 5090 ұпай жинап, WTA рейтингісінде 6-дан 4-сатыға көтерілді.**

Елена төртінші орындағы француздық Каролин Гарсияны (5025 ұпай) да басып озды.

Рим мастерс турнирінде жеңіске жеткені үшін Е.Рыбакина 1 мың рейтингілік ұпайға қоса 521 754 еуро табыс тапты.

Финалдан кейін қазақстандық теннисші қарсыласы Ангелина Калининаны досым деп атап, жарақатынан тезірек сауықып, Ролан Гаррос жарысында табысты өнер көрсетуіне тілектестігін білдірді. Сонымен қатар барлық жанкүйерлерге алғысын айтып, жаңбырға байланысты жиі-жиі кейінге қалдырылған ойындардың оңай болмағанын жеткізді.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ

# ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР БАЙҚАУЫ

**Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті 10 жылдығына орай және осы редакцияда болашақ қаламгерлердің шығармашылығын шыңдауға үлес қосқан жас журналист Сара Омарованы еске алуға арнап «Ең үздік жас журналист» облыстық байқауын жариялайды.**

Жалпы ереже:

– Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

Мақсаты:

– Жас журналистердің шығармашылығының дамуына қолдау көрсету

– Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:

– Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында редакция жанынан Ұйымдастыру комиссиясы құрылады

— Байқауға бұрынсонды жарияланбаған материал жіберіледі

– Байқауға 29 жасқа дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз қаламгерлер қатыса алады

– Материалдар тиісті баспа және ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады. Материал жастардың өзекті мәселесін қамтуы тиіс

– Байқауға әрбір қатысушы материалын 3 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және маңызы, мазмұнның ашылу тереңдігі, шынайылығы, жаңа әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғыныктылығы, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі, ұтымды қолдана білуі есепке алынады.

Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

– Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, мынадай құжаттарды қоса жібереді:

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы

2) жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, бай-ланыс құралдары және 3х4 суреті

3) байқау материалының қағаз нұсқасы

4) Байқауға жіберілген материал авторларға қайтарылмайды

5) Байқауға ұсынылған материалды қазылар алқасы бағалайды

– Байқау үш кезеңнен тұрады:

1) 2023 жылы 26 мамыр мен 20 маусым аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау

2) 2023 жылы 24-26 маусым аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау

3) 2023 жылы 27 маусымда байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары арнайы сыйлықтармен марапатталады.





# «ӨНЕР МЕКТЕБІНЕ ӘКЕЛГЕН АНАМА АЛҒЫС»

Жас пен жынысқа, ұлт пен ұқсастыққа, түр мен тілге қарамастан жер бетіндегі адамдардың ортақ түсінісер тілі – өнер. Өнердің де түр-түрі бар. Дегенмен қылқаламмен қағаз бетіне сурет салып, жансыз бейнені тілсіз сөйлеткендей көркем бейнелеу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Көргенін емес, сезінгенін екінші адамға сездіре алатын суретшілердің әр туындысы тылсымға толы. Ұстаз Алмас Алматов айтқандай, қылқалам шеберлерінің «өнерге бір күнде және бір күнге келмейтіні» де белгілі.

Жақында Мүлкаман Қалауов атындағы өнер мектебінде көркемсурет көрмесі өтті. Көркемсурет бөлімінің ұстаздары – Замзия Нұрханқызы, Эльза Пахуадинқызы, Гүлнұр Абызбайқызы, Ерғали Әбсаттарұлы ұйымдастырған кішкентай қылқалам шеберлерінің көрмесі «Жас суретшілер шақырады» деп аталады. Көрмеге түрлі бағытта жұмыс істейтін өнер мектебінің көркемсурет бөлімінің 2-4 сынып оқушыларының шығармашылық жұмыстары қойылды. Айта кетейік, олардың қатарында Анастасия Снопова, Медина Нұрлан, Тоғжан Рабатова, Арайлым Нұрмақаш, Маргарита Нам, Дильяра Шыңғысхан сынды жас таланттар бар.

Шара домбырашылар ансамбілінің күмбірлеген күйімен ашылды. Ал өнер мектебінің директоры балаларға сәттілік тілей отырып, әр шәкіртімен ерекше мақтанатынын сөз етті. «Өнер мектебінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан көркемсурет галереясына қош келдіңіздер! Қандай да бір өнер кішкентай қадамнан басталады. Кішкентай сезімнен үлкен дүние туады.

Өздеріңіз байқағандай, мектеп тарихында жас дарындардың сурет көрмесі алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Бұл – балаларымыздың алғашқы көрмесі, алғашқы қадамы. Шәкірттеріміздің әрқайсысы өзінше ыстық. Оларға жарқын болашақ тілеймін! Әр қадамына қуанып, қолдап отыратын ата-аналар мен ұстаздар барында олардың жетер жетістігі әлі алда» – деді мектеп директоры Қайрат Тыныштықұлы.

Оқушылар мен ата-аналарды, жас суретшілердің қатарластарын жинаған көрме салтанатты түрде ашылып, 6 жас дарынның салған дүниесіне назар аудардық. «Қазіргі таңда өнер мектебінің көркемсурет бөлімінің 4 сынып оқушысымын. Яғни, бітіруші түлекпін. 12 жастан бастап жетекшім Эльза Смағұловадан кәсіби бағыт, бағдар алып келемін.

Көптеген облыстық, республикалық өнер байқауларынан жүлдегермін. Сондықтан ұстазыма алғыс айтқым келеді. Өнер мектебіне келу арқылы болашақта жоғары білім алып, киім дизайнері мамандығына тапсырғым келетінін түсіндім. Қазақи нақыштағы заманауи киімдерді жасап, шығармашылыққа ден қойғым келеді. Ал аталған өнер мектебіне әкелген анама алғысым шексіз! Сурет арқылы мен өзімді таптым», – дейді Арайлым Нұрмақаш есімді қылқалам шебері.

Ал жас суретші, дарынды шәкірттің бірі Медина Нұрланның анасы Ләззат Бақтиярова ата-ана ретінде қылқалам ұстауды білмей, бейхабар боп келген көптеген баланы кәсіби суретші ретінде картиналарын ұсынатын дәрежеге жеткізген ұстаздарға алғысын айтты.

– Қазір қызым 4-сыныпта оқиды. Бірінші сыныптан бастап Замзия Нұрханқызы жетекшісі ретінде сурет әлемінің сан қилы әдіс-тәсілдерін үйретіп, кәсіби бағдар беріп келеді. Қызымның өзі де сурет өнерінен қашық емес. Үйде шимайлап отыратыны бар еді. Мені сурет үйірмесіне апаршы деген өзінің талабымен өнер мектебіне әкелген едім.

Содан бері 4 жыл уақыт өтіпті. Осы уақыт аралығында екінші анасындай болып, алға жетелеген ұстазыңа алғысым шексіз! Ол кісілердің еңбегін бағалаймыз, құрметтейміз. Түрлі облыстық байқауларды айтпағанда республикалық, халықаралық байқаулардан бас жүлдеге ие болып жүргені ұстаз бен шәкірттің үздіксіз ізденуінің жемісі сияқты. Биыл өнер мектебін бітірген соң Алматы қаласындағы О.Таңсықбаев атындағы өнер колледжіне оқуға тапсырып, жоғары білім алады. Алғашқы көрмеге ерекше толқып, қуанып келдік. Әлі талай көрменің куәгері болатынымызға сенемін, – дейді ол.

**Дина БӨКЕБАЙ**



# ЖҰЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ

**(25 – 31 мамыр)**

**Тоқты**

Апта басында өзге адамдардың ұсынысы мен бастамасы сіз үшін пайдалы болуы мүмкін. Жақындарыңызбен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қандай қиындыққа да мойымай еңбек етсеңіз, өз жемісін береді.

**Торпақ**

Қаржылық жағдайыңызды жақсарту үшін қолдан келгенше аянып қалмаңыз. Шектен тыс сабырсыздық сізге пайда әкелмейді.

**Егіз**

Бойыңыздағы зор энергия бұған дейін ойласқан үлкен жоспардың орындалуына ықпалын тигізеді. Маңызды шаруалардың бел ортасында жүресіз.

**Арыстан**

Жұмысыңызда елеулі өзгерістер болып, шеніңіз өсуі мүмкін. Қолға алған кез келген жобада олжалы болуыңыз ықтимал. Тіпті қарсыластарыңызды шаң қаптырып, жоспарламаған бастамаларды да қолға алған жөн.

**Бикеш**

Ұжымыңызда қиын әрі жауапты істі сізге тапсыруы мүмкін. Дегенмен жеке өміріңіз жайлы білгісі келетін адамдар саны артуы мүмкін, барынша сақ болыңыз.

**Таразы**

Аптаның басында денсаулығыңызға жете мән бергеніңіз абзал. Сүйіктіңізге сыйлық сыйлап, жылы лебізіңізді білдіріп тұруды ұмытпаңыз.

**Сарышаян**

Осы аптада сіз асықпай жүріп жетістікке жетуіңіз мүмкін. Жан-жақтан келіп түскен ұсыныстарды жіті ойланып, дұрыс шешім қабылдағаныңыз абзал.

**Мерген**

Аптаның ортасында ерекше тосын сыйдың иесі атанасыз. Ұзақ уақыттан бері мазалаған қаражат мәселесі шешілмек. Бастықтардың көңілінен шығу үшін берген тапсырмаларын дер кезінде орындап жүріңіз. Лауазымыңыз өсуі мүмкін.

**Тауешкі**

Жеңіл ой мен көкіректіктен құтылуға тырысыңыз. Басында бәрі жақсы болғанмен, кез келген сәтте кері әсерін тигізуі мүмкін. Араласып жүрген адамдарыңызды жақсы танымай жатып ішкі сырыңызды ақтармағаныңыз жөн.

**Суқұйғыш**

Жақындарыңыздан көңіліңіз қалатын сәттер болуы мүмкін. Мойымаңыз, кателіктеріңізді түсініп, дұрыс шешім қабылдай білген жөн. Бойыңыздағы барлық күш қуатыңызды жинап, тек алға ұмтылыңыз.

**Балық**

Бұл жеті күн тосын сыйға толы. Көптен көрмеген достарыңызбен ойда жоқта кездесіп қалуыңыз мүмкін. Ескі таныстарыңыз көңіліңізді «көктем» етері сөзсіз.

# ӘЛЕМДІ ТАҢДАНДЫРҒАН ТҰЛҒАЛАР

**Бүгінде ғылым көш ілгері басып, алға қарқын алған. Өйткені, әлемдік деңгейдегі ғылым, жаңа технология, IQ көрсеткіш деңгейінен алға шығу, адамдардың өз-өзін тұлғалық дамыту тұрғысындағы ең басты ұстаным – «Өзің оз, озбасаң жол бер!». Ал жол берген адамның көш соңында қалары айдан анық. Бесіктен белі шықпай жатып, әлемді өзінің тың жаңалығымен таңдандырған алыптар көп. Десе де, алдағы уақытта интеллекті жоғары ойшылдар қатарынан алдағы уақытта да біздің қандастарымыз көш бастайды деп сенеміз. Бүгінше біз әлемнің ең озық ойшыл, IQ көрсеткіші жоғары 25 адаммен таныстырғанды жөн көрдік. Әлбетте, мұндағы ең басты мақсат – өзгелерге мотивация болсын дегеніміз.**

Альберт Эйнштейн – тұлға ретінде төрткүл дүниені тәнті етіп, танылған ғалым. Оған ұлы деген атты ешқандай да мемлекеттік сыйлық, басқа да үкіметтік ұйым емес, ең әуелі халық берген. Халықтың ықыласы мен ризашылығын алған ол ХХ ғасырдағы ғылым мен дамудың басты символы ретінде танылды. Табиғаттағы көптеген физикалық құбылысқа арнап ұзын саны 300-ден астам ғылыми мақала жазған. Ядролық қаруға да белсенді түрде қарсы шыққан. Оның көзі тірісінде IQ тесттер болмағандықтан интеллект мөлшерін дәл айту қиын. Дегенмен шамамен 170-190 аралығында болған болуы мүмкін деген пікір бар. Атақты Уильям Джей Сидис 1898 жылы Нью-Йорк қаласында туған. Дүние есігін ашқаннан-ақ айналасын таңтамаша қылған ол алты айлық кезінде-ақ «бер», «су ішем», «ұйықтаймын» деген сияқты оңай сөздерді айта алатын болған. Бір жарым жаста «Нью-Йорк таймс» газетін судыратып оқи алған екен. Сегіз жасында мектеп бағдарламасын толық меңгеріп, сегіз тіл үйреніп, төрт кітап жазып тастаған. Ғаламат бала 12 жасында Гарвард университетіне оқуға түскен. 16 жасында тәмамдап, Техас штатындағы университетте сабақ берген. Оның IQ-і 250 пункттен тұрған екен. Керемет емес пе иә?!

Теренс Чи Шен Тао туралы айтатын болсақ, ол шынашақтай сәтінен есеп-қисапқа жақын болған. Есептен есесін жібермейтін жүйрік ретінде 9 жасында сол бағыттағы курстарға қатысқан. 1986-1988 жылдары оны математикадан өтетін халықаралық олимпиаданың сол кездегі ең жас қатысушысы деп таныған. 14 жасында жоғары оқу орнына түскен. 24-ке келгенде Калифорния университетінің профессоры болған. IQ көрсеткіші – 225. Көз алдыңызға 14 жастағы бозбаланы елестетіп көріңізші. Ол немен айналысып жүр?! Мэрилин Вос Савант. Оның интеллект көрсеткішіне қатысты түрлі ақпарат айтылады. Бір жерде 168 десе, бір жерде 228-ге бағалайды. Мамандығы – журналист әрі драматург. Кристофер Хирата 16 жасында университет бітірген. Тәмамдаған бойда NASA-ға жұмысқа орналасқан. Ол жерде астрофизикамен және планеталарды колонизациялау мәселелерімен айналысқан. IQ деңгейі – 225.



Дүние дүрмектің ішінде өз жолының алтын кілтін тапқан алыптардың бірі – Филип Эмигуали. Ол – компьютерлік технологиялар саласының маманы. Данышпан 14 жасында мектептен шығуға мәжбүр болған. Бірақ соған қарамастан 17 жасында Орегон штатындағы оқу орнына түскен. IQ мөлшері 190-ға бағаланады. Стивен Хокинг – белгілі ғалым, физик, бірнеше бестселлер кітаптың авторы. Оның айкью көрсеткіші 160-қа бағаланады. Волтер О'Брайан – ирландиялық бизнесмен, «Scorpion Computer Services» компаниясының директоры, айкью тест нәтижесі бойынша 190 ұпай жинаған. Бала кезінде аутизмі бар болуы мүмкін деген. Дегенмен анализ тапсырғанда анықталмаған. Қатарластарынан ақылымен ерекшеленген ол 13 жасында NASA-ның серверлерін бұзып, космос шаттлын құруға қатысты құпия жоспарды «ұрлап» кеткен.

Никола Тесла. Ғалымның көзі тірісінде айкью анықтайтын тест болмаған. Десе де, мамандар шамамен 200 болуы мүмкін деген пікір айтады.

Сэр Эндрю Джон Уайлс – Принстон университетінің профессоры, Британия империясы орденін иеленген даңқты рыцарь, әлемдегі ең ақылы Дегендер 300 жылға жуық уақыт бойы ойланған Ферм теориясын дәлелдеген. Эндрю Уайлстың интеллекісі 170-ке жуық.

Айнан Коули –Сингапурден шыққан вундеркинд. 7 жасында орта мектепті тәмамдаған. Әлемдегі ең жас түлек саналады. Өте көп көлемдегі ақпаратты дереу жаттай алатын қасиетімен ерекшеленеді. Жады өте мықты. Уикипедиядағы ақпаратқа сүйенсек, оның IQ көрсеткіші 263-ке тең деседі.

Мицлав Предавек – математика профессоры, IQ деңгейі 192-ге бағаланады. Басқатырғыларды шешкенді жақсы көреді. Рубиктің кубигін 10 секундта жинай алады. Джина Дейвис – америкалық фотомодель, актриса, «Оскар» сыйлығының иегері. IQ-і –140. Интеллектуалдар қауымдастығының мүшесі. Расымен, әлемді таңтамаша еткен тұлғалардың жасаған әрекеттеріне қарап, өзіміздің де осал емес екенімізді қаперге алуға болады. Алашордашылардың қай-қайсысы болса да әлемді мойындатар алып күшке ие еді. Қазақ тарихындағы ақтаңдақ сәттер талай алыптың өмірін қиды. Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Шоқан, Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, кешегі жасындай жарқ еткен Ғани Мұратбаев, төрт жасында хат таныған Мағжан Жұмабаевтар кімнен кем?! Олардың дәуірінде IQ анықтауға арналған тест болғанда мынаның кез келгенінен асып түсер еді-ау. Сіз қалай ойлайсыз қадірменді оқырман?!

**Дайындаған Аян СПАНДИЯР**

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

**Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**БАС ДИРЕКТОР** Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

**БАС РЕДАКТОР** Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 6931**
**Тапсырыс: 824**